



ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТТЫ

3-БЕТ



«ХАНДАР КИГЕН ҚАМҚА ТОН»

9-БЕТ



Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



МЕГАПОЛИС



АЛМАТЫДА АПТАП ЫСТЫҚ

Қалада аэрация жұмыстары күшейтілді

Алматыда алдағы күндері ауа температурасының күрт көтерілуіне байланысты тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қолайлы микроклимат қалыптастыру мақсатында көшелерді суару мен ауаға су бүрку (аэрация) жұмыстары күшейтіледі.

«Қазгидромет» мамандарының мәліметінше, 16–20 шілде аралығында Алматыда қалыптан тыс ыстық ауа райы сақталады. Кейбір аудандарда ауа температурасы +42 градусқа дейін жетуі мүмкін. Биыл алғаш рет сынап бағанасы +40 градустан асып, көпжылдық климаттық нормадан едәуір жоғары болады деп болжанып отыр.

Осыған байланысты қала әкімдігі көше-жол желісін күтіп ұстау және қалалық аумақтарды қосымша салқындату іс-шараларын күшейту туралы шешім қабылдады.

Қаланың Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және тұрғын үй инспекциясы басқармасының мәліметінше, аптап ыстық кезеңінде негізгі магистральдық көшелер мен адам көп жүретін аумақтарда жол жабынын суару және ауаға су бүрку жұмыстарын жүргізу үшін 16 арнайы техника жұмылдырылады. Аэрация жұмыстары тәуліктің ең ыстық уақытында ұйымдастырылып, қаланың 128-ден астам көшесін қамтиды.

Сондай-ақ, көше-жол желісін күнделікті санитарлық тазалау жұмыстары да үздіксіз жүргізілуде. Қазіргі таңда жолдарды, тротуарларды, аялдама павильондарын және қалалық инфрақұрылымның өзге де нысандарын жууға 500-ден астам арнайы техника тартылған.

Мамандардың айтуынша, аэрация мен суару жұмыстары жол жабыны маңындағы ауа температурасын төмендетуге, шаңның көтерілуін азайтуға, асфальттың шамадан тыс қызуының алдын алуға және жоғары температураның жол сапасына кері әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Дәрігерлер де ыстық күндері тұрғындарды денсаулыққа ерекше мән беруге шақырады. Әсіресе, балалар, қарттар, жүкті әйелдер және созылмалы аурулары бар адамдар қауіп-қатер тобына жатады. Сондықтан шаһарда жүргізіліп жатқан аэрация және суару жұмыстары аптап ыстықтың әсерін азайтуға бағытталғанымен, әрбір тұрғынның жеке қауіпсіздігіне өзі де мән беруі маңызды.

Мәселен, күннің ең ыстық мезгілі – сағат 11.00 мен 17.00 аралығында ұзақ уақыт сыртта жүрмеуге тырысыңыз. Күні бойы жеткілікті мөлшерде таза су ішіп, ағзаның сусыздануына жол бермеңіз. Ашық түсті, кең әрі табиғи матадан тігілген киім киіңіз. Бас киім де күн көзінен жақсы қорғайды. Денеге өте қатты күш түсіретін жұмыстан және қарқынды спорттық жаттығулардан уақытша бас тартқан жөн.

Автокөлікте балаларды немесе үй жануарларын қараусыз қалдырмаңыз. Жабық көліктің іші бірнеше минут ішінде адам өміріне қауіпті деңгейге дейін қызуы мүмкін. Созылмалы аурулары бар азаматтар дәрігердің ұсынымдарын сақтап, қажет дәрі-дәрмектерін үнемі өздерімен бірге алып жүргені дұрыс.

Егер адамның басы айналып, әлсіреп, жүрегі айнып, дене қызуы көтерілсе немесе есінен танып қалса, бұл күн өтуінің белгісі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда адамды көлеңке немесе салқын жерге апарып, су беріп, денесін салқындатып, қажет болған жағдайда жедел медициналық көмек шақыру қажет.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЦИФРЛЫҚ КОДЕКС:

Заманауи дамудың құқықтық тұғыры



2026 жылы 12 шілдеден бастап елімізде Цифрлық кодекс ресми түрде күшіне енді. Аталмыш құжат биыл 9 қаңтарда қабылданған болатын. Бұл цифрлық кеңістіктегі қоғамдық қатынастарды кешенді түрде реттейтін алғашқы құқықтық құжат.

Мемлекет басшысының бастамасымен жарияланған Цифрландыру жылы аясында қолданысқа енген кодекс цифрлық технологияларды дамытуға серпін беріп қана қоймай, азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктерін қалыптастырады. Жаңа Конституцияға сәйкес, бұл заң Қазақстанның цифрлық экономикасын дамытудың құқықтық негізін нығайтып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, инновациялық экожүйені дамытуға және халықаралық бәсекеге қабілеттілікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Уақыт талабынан туған заң

Цифрлық технологиялар қоғам өмірінің барлық саласына дендеп еніп келеді. Мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа көшірілді. Цифрлық құжаттар күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналды. Онлайн сауда, фин-

тех, электронды төлем жүйелері қарқынды дамып келеді. Ал жасанды интеллект, Big Data, бұлтты технологиялар мен цифрлы платформалар экономиканың қозғаушы күшіне айналды.

Мұндай жағдайда цифрлы кеңістіктегі қоғамдық қатынастарды әртүрлі заңдармен реттеу жеткіліксіз екені байқалды. Бұған дейін ақпараттандыру, байланыс, дербес деректерді қорғау, электронды құжат айналымы және басқа да бағыттар жеке заңдармен реттеліп келді. Алайда, технологиялардың дамуы олардың барлығын біртұтас құқықтық жүйеге біріктіру қажеттігін көрсетті.

Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында цифрлық технологияларды дамытуға тың серпін беру, жасанды интеллектіні кеңінен енгізу және цифрлық саланың заңнамалық негізін жетілдіру міндетін қойып, Үкіметке Цифрлық кодекс

әзірлеуді тапсырды. Бұл бастама цифрлы экономиканы жаңа деңгейге көтеруге бағытталған мемлекеттік саясаттың заңды жалғасы болды.

Нәтижесінде мемлекеттік органдардың, заңгерлердің, IT саласы сарапшыларының және бизнес қауымдастығының қатысуымен жаңа құқықтық құжат әзірленді. Цифрлық кодекс 2026 жылғы 9 қаңтарда қабылданып, биылғы 12 шілдеден бастап ресми күшіне енді.

Жаңа Кодекстің ерекшелігі адамның құқықтары мен мүдделеріне басымдық берілуінде жатыр. Онда цифрлы ортадағы азаматтардың құқықтарын қорғау, алгоритмдердің ашықтығы, цифрлық теңдік және технологиялық бейтараптық негізгі қағидаттардың қатарына енгізілген.

Сонымен қатар, құжат цифрлық деректердің қауіпсіздігіне ерекше мән береді. Азаматтардың жеке деректерін қорғау, оларды заңсыз пайдалануға жол бермеу, ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және киберқауіптерге қарсы тиімді тетіктер қалыптастыру Кодекстің негізгі басымдықтарының қатарында.

Әлемдік тәжірибемен үндестік

Цифрлы құқық саласында көптеген мемлекеттер соңғы жылдары ауқымды реформалар жүргізіп келеді. Қазақстанның жаңа Кодексі де осы халықаралық үдерістерді ескере отырып әзірленген. Кейбір мемлекеттердің тәжірибесіне тоқталып өтейік: Еуропалық одақ 2018 жылы күшіне енген GDPR регламенті арқылы азаматтардың дербес деректерін қорғаудың әлемдегі ең жоғары стандарттарының бірін қалыптастырды.

Ал биыл кезең-кезеңімен қолданысқа енгізіліп жатқан AI Act жасанды интеллект жүйелерін тәуекел деңгейіне қарай реттейтін алғашқы кешенді құқықтық құжат саналады. Сонымен бірге, Digital Services Act пен Digital Markets Act цифрлық платформалардың жауапкершілігін арттырып, интернет кеңістігіндегі пайдаланушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Эстония цифрлық мемлекет құрудың әлемдік көшбасшыларының бірі. Бұл елде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі онлайн форматта көрсетіледі. Азаматтардың цифрлы сәйкестігі бірыңғай жүйе арқылы жүзеге асады, ал мемлекеттік деректер базалары өзара ықпалдасып жұмыс істейді. Қазақстанның Цифрлық кодексіндегі цифрлық сәйкестік, ұлттық тіркелімдер және мемлекеттік ақпараттық жүйелердің өзара байланысы осы тәжірибемен үндес.

Сингапур да цифрлық басқару саласында озық мемлекеттердің қатарында. Ел жасанды интеллектіні дамыту барысында инновация мен қауіпсіздік арасындағы теңгерімді сақтауға басымдық береді. Арнайы қабылданған Model AI Governance Framework алгоритмдердің ашықтығын, әділдігін және адам алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан Кодексындағы технологиялық бейтараптық, цифрлық әдеп және жауапты инновациялар қағидаттары да осы халықаралық ұстанымдарға жақын.

Жалпы алғанда, Цифрлық кодекснің күшіне енуі Қазақстанның цифрлы дамуындағы тарихи кезеңдердің бірі. Бұл құжат цифрлық технологияларды құқықтық тұрғыдан жүйелеп қана қоймай, азаматтардың құқығын қорғауға, инновацияларды қолдауға және цифрлық экономиканың тұрақты дамуына негіз қалайды. Биылғы Цифрландыру жылы аясында қолданысқа енгізілген Кодекс Қазақстанның заманауи, қауіпсіз әрі бәсекеге қабілетті цифрлы мемлекет ретінде қалыптасуына қызмет ететін маңызды құқықтық тұғыр болмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ

САЯСИ НАУҚАН

Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елдімекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

АҚЫЛ-ОЙ ЖАРЫСЫ



ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТТЫ

4–12шілде аралығында Колумбияның Букараманга қаласында өткен 56-шы Халықаралық физика олимпиадасында (IPhO) Қазақстан ұлттық құрамасы ел тарихында бұрын-соңды болмаған нәтижеге қол жеткізді. Команда құрамындағы бес оқушының түгелдей алтын медальді жеңіп алды.

Халықаралық білім додасында ел мерейін үстем еткен отандық жас физиктерді әуежайда салтанатты жағдайда күтіп алғандар арасында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы және жеңімпаздардың ата-аналары мен ұстаздары болды.

Бұл – әлемнің 85 елінен 381 дарынды оқушы қатысқан ең беделді білім додасында Қазақстанның ең үздік көрсеткіші. Былтыр құрамамыз екі күміс, үш қола иеленген болса, биыл жас физиктеріміз жоғары дайындық деңгейін дәлелдеді.

Алтын медаль иегерлері – Астанадағы NURORDA мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Нүргүл Егенбергенова, жаратылыс-

тану-математика бағытындағы NIS-тің 12-сынып оқушысы Әмірбек Азатбеков, осы мектептің 11-сынып оқушысы Дамир Құрман, Spectrum International School мектебінің 12-сынып оқушысы Илияс Қазымбек және Алматы қаласындағы «Мирас» халықаралық мектебінің 12-сынып оқушысы Роман Черемнов.

«Бұл – елімізде адам капиталына инвестиция құюдың нақты нәтижесі. Бұған дейін халықаралық олимпиадаларда жүлде алып жүргенбіз, бірақ барлық қатысушының алтын медаль иеленуі Қазақстан тарихында алғаш рет болып отыр. Біздің дарынды балаларымыз өте көп. Халықаралық олимпиадаға қатысу үшін оқушыларымыз республикалық олимпиадаларда іріктеліп, арна-

йы оқу-жаттығу жиындарынан өтеді. Қазір бұл оқушылардың халықаралық деңгейде өз рейтингтері қалыптасқан. Әлемнің ең үздік университеттері оларға толық грант ұсынуға дайын», – деді Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

Алтын медаль иегері Роман Черемнов жеңіске жету жолында көп еңбек еткендерін жеткізді.

«Бұл жетістікке ең алдымен ата-аналарымыздың, мектептің және бізді дайындаған жаттықтырушылардың еңбегі зор. Өзім де көп дайындалдым. Олимпиада тапсырмалары мектеп бағдарламасынан әлдеқайда күрделі болды. Болашақта да физикамен айналысып, осы ғылым саласында білімімді жалғастырғым келеді», – деді ол.

Айта кетейік, 1967 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан Халықаралық физика олимпиадасына Қазақстан 1997 жылдан бері тұрақты қатысып келеді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚҰРЫЛТАЙ ҚАРСАҢЫНДА

Өңірлік сарапшылар отырысы өтті

Осыдан үш ай бұрын Қазақстан халқы республикалық референдумда еліміздің болашағы үшін маңызды таңдау жасап, жаңа Конституцияны қабылдады. Биылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Негізгі заң еліміздің жаңа саяси жүйесін қалыптастырып, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы жаңа кезеңге жол ашты. 23 тамызға бір палаталы болашақ парламент – Құрылтай сайлауы да белгіленді.

Осыған орай Алматыда ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Өңірлік сарапшылар кеңесінің «Құрылтай: заң шығарушы биліктің жаңа архитектурасы» тақырыбындағы отырысы өтті. Басқосуға мемлекеттік органдардың өкілдері, ғалымдар, сарапшылар, қоғам қайраткерлері мен азаматтық қоғам өкілдері қатысты.

Жиын екі сессиядан тұрды. Алғашқысында «Ықпалды Құрылтай: заң шығару бастамасы құқығы және заң шығару қызметінің сапасы», ал екінші сессияда «Құрылтай диалог алаңы ретінде: жаңа институционалдық тәжірибелер» тақырыбы талқыланды. Жалпы отырыста қатысушылар Ұлттық құрылтайдың заң шығару процесіндегі рөлі, жаңа саяси институттардың қызметі және қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты дамыту мәселелерін саралады.

Философия, саясаттану және дінтану институтының Салыстырмалы саяси зерттеулер орталығының жетекшісі Айдар Әмребаев бүгінгі кездесудің өзектілігін атап өтті.

– Бүгінгі басқосу қазіргі басталған саяси науқанмен тікелей байланысты. Баршамыз жаңа Ата Заң негізінде өмір сүріп келеміз. Соның маңызды бағыттарының бірі – Құрылтайға сайлау. Осы үдеріс төңірегіндегі қоғамдық пікірлерді саралап, жиналған сарапшылармен бірге сайлау нәтижесінің қандай болатынын, оның Әділетті Қазақстанды құруға қосатын үлесін және жаңа саяси сапаға көшу мәселелерін талқылауды мақсат еттік, – деді Айдар Әмребаев.

Халықтың ұсыныстары мен пікірлері талқыланып ортақ мәселелерді бірлесіп шешуге басымдық беру – жаңа саяси жүйенің негізгі қағидаларының бірі. Сарапшылар мұндай ашық диалог елдегі реформалардың нәтижелі жүзеге асуына және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға ықпал ететінін атап кетті.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

ЖІБЕК ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ЖОБА

The Marco Polo Project Алматыға жетті

Римнен Гонконгқа дейін Ұлы Жібек жолын электромобильмен жүріп өтуді мақсат еткен The Marco Polo Project халықаралық экспедициясының қатысушылары Алматыға жетті. Бұл экспедиция көне Жібек жолын халықаралық ынтымақтастық пен мәдени дипломатияның тұрақты алаңы ретінде жаңғыртуды көздейді. Саяхатшылар, шамамен алғанда, 15 мың шақырым жол жүріп, әлемнің 12 елін байланыстырады.

Жобаға M31 Capital компаниясының негізін қалаушы Патрик Лэй Чжун бастамашы болған. Делегация құрамында әлемге танымал экономист Джеффри Д. Сакс, Соня Эрлих Сакс және түрлі елдерден келген сарапшылар бар.

– Қазіргі таңда адамдар бір елден екінші елге ұшақпен бірнеше сағатта жетеді. Бірақ жол бойындағы тарихты, бай мәдениетті және адамдардың қызықты өмірін көрмей өтеді. Біз Ұлы Жібек жолының рухын қайта жаңғыртып, әр елдің тарихын, мәдениетін және адамдарын жақындастырсақ дейміз. Бұл сапардың басты мақсаты – әлемді өзара құрмет пен бейбітшілік арқылы қайта қауыштыру, – деді Патрик Лэй Чжун.

Табиғат таңғажайыбын тануға жаны асық жиһангездің айтуына қарағанда, Қазақстандағы тарихи орындар айрықша әсер еткен.

– Біз Таласқа арнайы тоқтап, оның бай тарихын таныдық. Бұл қала туралы бұрын көп білмеген едік. Осындай сапарлар әлемнің тарихын жаңаша тануға мүмкіндік



береді. Ал Алматы – Ұлы Жібек жолындағы ең маңызды қалалардың бірі. Басын бүлт бүркеген асқар шыңы, асқақ таулары, көркем табиғаты ерекше әсер сыйлады, – деді Патрик Лэй Чжун.

«Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Талғат Ғазизовтың болса Ұлы Жібек жолын электромобильдер мініп бойлаудың, заман талабына сай жаңаша саяхат құрудың маңызына тоқталды. – Бұл сапар тарихи бағытты жаңғыртып қана қоймай, жасыл туризмнің мүмкіндігін көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстанның табиғаты мен мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттауға зор үлес қосады, – деді ол.

Экспедиция Қазақстанға Өзбекстан арқылы жетіп, Маңғыстаудағы Бозжыра мен Қызылкүп шатқалдарын аралады. Кейін Түркістан облысы мен Шымкент арқылы Таразға түяқ іліктіріп, Айша бибі кесенесі мен Талас шайқасының тарихын таныды. Бір айта кетерлігі, Алматыда делегация үшін арнайы мәдени бағдарлама ұйымдастырылды. Қонақтар «Медеу», «Шымбұлақ», Көк базар, Панфиловшылар саябағы және қаланың музейлерін аралап, Алматының «алуан түрлі әлемін» көрді.

Экспедиция құрамындағы ең жас қатысушылардың бірі Джимми Чжун да сұхбат беріп, Қазақстаннан алған әсерін

бөлісті. Ол жоба барысында әйгілі саяхатшы Марко Полоның бейнесін сомдап жүр.

– Қазақстанның табиғаты ерекше әсер қалдырды. Жол бойында табиғат аясында лагерь құрдық, ал Алматының таулары өте керемет екен. Бұл сапардың ең қызықты тұсы – әр елдің мәдениетімен танысып, жаңа адамдармен кездесіп жатырмыз. Қазақстанның ұлттық тағамдары да ұнады, – деді жас жиһангез.

Алматы – табиғи және тарихи нысандары мол қала, Орталық Азиядағы аса ірі туризм орталықтардың бірі. Кейінгі жылдарда Қазақстанда, Алматыда экологиялық таза көлік түрлерін дамытуға жол ашар инфрақұрылым қалыптасып келе жатыр. Тіпті, қазірдің өзінде экспедиция электромобильдерін әр 150 шақырым сайын қуаттауға мүмкіндік бар.

Алматыдан кейін халықаралық экспедиция Шарын шатқалы мен Жетісу облысына бағыт алып, Жаркенттегі тарихи ескерткіштерді аралайды. Жоба аясында түсірілген деректі фильмдер мен медиаконтент халықаралық платформаларда жарияланады. Ұйымдастырушылардың болжамынша, олардың жалпы аудиториясы 1 миллиардтан астам адамға жетіп, бейнематериалдар 40 миллионнан астам қаралым жинауы мүмкін.

– Жолаушыларымыз атқа мініді, халқымыздың салт-дәстүрін таниды. Мұндай жобалар арқылы еліміздің мәдени бірегейлігін әйгілеп, әлемге таныта түсеміз, – деп ой қосты Алматы қаласы Туризм басқармасының өкілі Алмас Нұрланханұлы.

The Marco Polo Project халықаралық экспедициясы Алматының атын әйгілеп, жаһандағы ірі туризм орталығы ретіндегі беделін арттырып қана қоймайды, Қазақстанның табиғи, тарихи және мәдени мұрасын әлемге кеңінен танытуға жол ашады.

Дастан ҚАСТАЙ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КӘСІП ПЕН НӘСІП

Көпбалалы ана Айгүл Аймырзаева бірнеше жыл бұрын үйінде шағын кәсібін бастаған еді. Алғашында өз қолымен тіккен бұйымдарын әлеуметтік желі арқылы сатып, табысын отбасының қажетіне жұмсады. Кейін кәсіпкерлік бойынша білім алып, мемлекеттік қолдаудың арқасында ісін кеңейтіп, бірнеше адамды тұрақты жұмыспен қамтыды. Бүгінде оның шағын шеберханасы жергілікті өнім шығарумен қатар жұмыссыз әйелдерді оқытып, еңбекке баулып келеді.

Мұндай оқиғаларды қаламыздағы сирек кездесетін жағдай деуге болмас. Әйелдер кәсіпкерлігі әуелі тек табыс табудың құралы болғанымен, жаңа жұмыс орындарын ашудың, әлеуметтік мәселелерді шешудің және қоғамның әл-ауқатын арттырудың маңызды тетігіне айналып келеді. Кәсіпкер әйелдерді қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен арнайы жобалардың нәтижесінде әлеуметтік кәсіпкерлік те қарқын алды.

Алматы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері Сана Жандай мен Сәуле Бекетаева Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында кеңінен тарқата сөйледі.

Сана Жандайдың сөзінше, мегаполис бүгінде әйелдер кәсіпкерлігі ең белсенді дамып келе жатқан өңірлердің бірі саналады. Қалада әйелдер қызмет көрсету, білім беру, денсаулық сақтау, онлайн-сауда, тігін өндірісі, азық-түлік өндірісі және әлеуметтік кәсіпкерлік салаларында өз ісін жүргізіп келеді. Сонымен қатар, индустриялық аймақта әйелдер басқаратын 22 кәсіпорын жұмыс істейді. Оның ішінде 11 өндірістік нысан және 11 шағын өнеркәсіптік парк бар.

Қазіргі уақытта аталған бизнес субъектілерінің тізіміне 155 кәсіпкер енгізілген болса, олардың 74 пайызы – әйелдер. Бұл көрсеткіш әйелдердің бизнес жүргізіп қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге де белсенді атсалысып отырғанын аңғартады.

– Әйелдер кәсіпкерлігі қазір қаланың әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық өсімінің маңызды факторына айналып отыр. Әсіресе, көпбалалы аналар мен әлеуметтік кәсіпкерлер арасында жаңа бастамалардың тұрақты өсіп келе жатқанын көріп отырмыз, – деді Сана Жандай.

Оның айтуынша, әйел кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан кешенді қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, мемлекеттік гранттар, жеңілдетілген микронесиелер, оқыту бағдарламалары, консультациялық сүйемелдеу, өндірістік алаңдар мен ғима-



НАРЫҚТАҒЫ НӘЗІК ЖАНДЫЛАР

Алматыдағы әлеуметтік кәсіпкерлердің 74%-ы – әйелдер

раттарды жеңілдікпен ұсыну, сондай-ақ инфрақұрылымдық қолдау тетіктері қарастырылған.

Осындай маңызды бағдарламалардың бірі – «Бастау Бизнес». Бағдарлама аясында былтыр Алматыда 647 көпбалалы әйел кәсіпкерлік негіздерін оқып, олардың 281-і 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі мемлекеттік грантқа ие болды. Биыл тағы 380 грант беру жоспарланып отыр. Гранттық қолдау нақты нәтижесін де көрсетіп келеді. 2022 жылдан бері жалпы көлемі 369 миллион теңге болатын мемлекеттік грант 81 кәсіпкерге берілген. Соның арқасында 307 жаңа жұмыс орны ашылып, оның 225-і әйелдерге арналған.

– Біздің мақсат – кәсіпті бастап берумен ғана шектелмей, оның әрі қарай тұрақты дамуына жағдай жасау. Алғашқы гранттан кейін көптеген жоба өзін-өзі ақтап, тұрақты бизнеске айналды, – деді Сана Жандай. Спикердің айтуынша, алда-

ғы уақытта әлеуметтік кәсіпкерлікпен қатар цифрлық сервистер, креативті индустриялар, жергілікті өндіріс, экологиялық таза өнім шығару және отбасылық бизнес бағыттары ерекше қарқын алады.

Жергілікті өндірісті дамытуға бағытталған «Бір ауыл – бір өнім» жобасы да кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндік ұсынып отыр. Жобаға қатысушылар өз өнімдерін жетілдіріп, оны нарыққа шығарумен қатар, 5 миллион теңгеге дейінгі грантқа үміткер бола алады.

Ал «Almaty Business–2025» бағдарламасы аясында соңғы үш жылда әйелдер кәсіпкерлігіне қатысты 151 жобаға жалпы сомасы 5,8 миллиард теңгеден астам қолдау көрсетілген.

Комиссия мүшесі Сәуле Бекетаева қаржылай қолдаудан бөлек кәсіпкерлерді жан-жақты сүйемелдеудің де маңызды екенін атап өтті. Мәселен, Алматыда көпбалалы аналарға, әлеуметтік осал санатта-

ғы әйелдерге және әлеуметтік кәсіпкерлерге ерекше қолдау көрсетіледі. Қалада гранттық қаржыландыру, жеңілдетілген несие беру, кәсіпкерлерді оқыту және ғимараттарды жеңілдікпен пайдалану мүмкіндігі қарастырылған.

Бүгінде әйелдер негізінен қызмет көрсету, білім беру, өндіріс, онлайн-сауда және әлеуметтік жобалар саласында кәсіп жүргізіп келеді.

Мамандар нәзік жандылардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған мұндай бағдарламалардың жеке кәсіптің дамуынан бұрын жалпы қаланың әлеуметтік-экономикалық өсіміне оң әсер ететінін жеткізді. Жаңа кәсіпорындардың ашылуы, жергілікті өндірістің дамуы және жүздеген жаңа жұмыс орнының құрылуы – соның нақты дәлелі.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

«Қолына қармақ ұстатты»

2026 жылдың басынан бері Алматыда 30 864 адам жұмыспен қамту іс-шараларына тартылды. Бұл туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы хабарлады.



Жыл басынан бері Еңбек мобильділігі орталығына 41 267 адам жүгінген. Оның ішінде 33 911 азамат жұмыссыз ретінде тіркелген. Осы кезеңде 5290 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, 5 198 алматылық субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды. Оның ішінде қоғамдық жұмыстар, жастар тәжірибесі, әлеуметтік жұмыс орындары, сондай-ақ аға буын азаматтарына арналған арнайы жобалар бар.

Алматыда тұрғындардың кәсіби біліктілігін арттыруға да басымдық беріліп келеді. Есепті кезеңде 375 адам кәсіптік оқумен қамтылса, 1214 азамат «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін меңгерді. Бұдан бөлек, 1702 адам enbek.kz платформасы арқылы онлайн білім алып, жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік алды. Ал 17 085 тұрғынға кәсіптік бағдар беру қызметі көрсетілді. Қалалық Жұмыспен қамту



және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, жұмыспен қамту іс-шаралары еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандарды даярлауға, тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған. Осы мақсатта қалада бос жұмыс орындарының жәрмеңкелері тұрақты ұйымдастырылып, жұмыс іздеуші-

лерге кеңес беру, қайта даярлау және кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы мемлекеттік қолдау тетіктері ұсынылуда.

Мамандардың айтуынша, мұндай кешенді іс-шаралар тұрғындардың еңбек нарығына бейімделуіне, табысын арттыруына және тұрақты жұмыспен қамтылуына мүмкіндік береді.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

ДИЗАЙН КОД

Бостандық ауданында Дунаев-Бский көшесінің бойында орналасқан жаңа «SHUAQ» қоғамдық кеңістігін абаттандыру жобасы жүзеге асырылып жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз турында аудан әкімінің орынбасары Мирас Зейнолдин журналистерге жобаны таныстырып, оның іске асырылу барысы туралы баяндады.

Биыл 10 маусымда басталған құрылыс жобасын қыркүйекте аяқтау жоспарланған. Айта кетейік, жоба жергілікті бюджеттің қаржысымен емес, толықтай демеушілердің есебінен жүзеге асырылуда. «Жобаның жалпы ұзындығы – 550 метр. Мұнда заманауи қоғамдық кеңістіктер салынып, кешенді көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Ұлттық ою-өрнек элементтерімен безендірілген шағын сәулет нысандары, автоматты суару жүйесі, сыртқы жарықтандыру және тұрғындардың демалуына арналған орындар орнатылады», – деді Мирас Зейнолдин.

Жоба аумақты кешенді абаттандыруды көздейді. Мұнда гранит, резеңке және асфальтбетон жабындысы төселген жаяу жүргіншілер жолдары мен қоғамдық кеңістіктер салынып, ауқымды көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, заманауи шағын сәулет нысандары, бастырмалар, сыртқы жарықтандыру жүйесі, балалар ойын және спорт алаңдары, сондай-ақ субұрқақ орнатылады. Жоба аясында шамамен 4 мың шаршы метр аумақты көгалдандыру жоспарланған.

Аудан әкімі орынбасарының айтуынша, бұған дейін бұл аумақ қараусыз қалып, тұрғындар үшін қолайсыз әрі қауіпсіздігі төмен жер болған. Абаттандыру жұмыстары аяқталғаннан кейін мұнда сейіл құруға, спортпен айналысуға және отбасымен демалуға болады.

«Биыл аудан әкімдігі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында 20 абаттандыру жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл бұрын пайдаланылмай келген қалалық аумақтарды ретке келтіріп,

«SHUAQ» ою-өрнекпен безендіріледі



тұрғындар үшін жаңа жайлы қоғамдық кеңістіктер қалыптастыруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Мирас Зейнолдин.

Бостандық ауданында Алматы қаласының дизайн-код талаптарына сәйкес бірыңғай сәулеттік келбетті қалыптастыруға бағытталған қалалық бағдарлама аясында көпқабатты тұрғын үйлердің қасбетін жөндеу жұмыстары да жалғасуда. Бағдарлама аясында биыл аудан бойынша 67 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін жөндеу жоспарланған. Жобаның негізгі мақсаты – тұрғын үйлердің сыртқы келбетін кешенді түрде жаңарту, көшелердің бірыңғай сәулеттік келбетін қалыптастыру, қалалық ортаның эстетикалық тартымдылығын арттыру және тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсарту.

«Алматыда қасбеттерді жаңарту жұмыстары биылғы сәуір айынан бері жүргізіліп жатыр. Алғашқы кезеңде Абай даңғылы, Сәтбаев, Тимирязев көшелері және басқа да магистральдық көшелер бойында орналасқан үйлер іріктелді. Әрбір ғимарат үшін оның тарихи келбетін сақтай отырып, жеке дизайн-жоба әзірленуде», – деді Мирас Зейнолдин.

Жөндеу барысында қаланың бекітілген сәулеттік талаптарына сай келетін заманауи әрі ұзақ мерзімге төзімді материалдар қолданылады. Әрлеу жұмыстарына ұзақ уақыт бойы сапасын сақтайтын, берік әрі төзімді травертин, гранит және алюминий композиттік панельдер пайдаланылады. Қазіргі күні 47 көпқабатты тұрғын үйде құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр, оның ішінде төрт үйдің қасбеті толық жаңартылды. Қасбеттерді жөндеумен қатар, жоба аясында ғимараттарға сәулеттік жарықтандыру орнату, балкон ойықтарын, сәндік элементтерді және кіреберіс топтарын жаңарту жұмыстары да қарастырылған.

«Бағдарлама үйлердің сыртқы келбетін жаңартумен ғана шектелмей, олардың пайдалану мерзімін ұзартуға да бағытталған. Алғашқы нысандар пайдалануға берілгеннен кейін тұрғындар нәтижені оң бағалап, бүгінде көптеген азамат өз үйлерін бағдарламаның келесі кезеңіне енгізуді сұрап жатыр», – деп атап өтті аудан әкімінің орынбасары.

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Экологиялық бақылау күшейді

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Экология департаментінің басшысы Дінмұхамед Лесбеков биылғы алғашқы жартыжылдықтың нәтижесін жеткізіп, алдағы жоспар туралы баяндады.

Мемлекеттік экологиялық инспекторлар алты ай ішінде кәсіпорындар мен нысандарда 125 тексеру жүргізіп, оның барысында заңнаманың 58 бұзушылығын анықтады. Бұзушылықтарды жою бойынша 28 нұсқама беріліп, әкімшілік құқық бұзушылықтарға 165 хаттама толтырылып, жалпы сомасы 34 млн. теңгеден астам 162 айыппұл салынды, оның 19,5 млн. теңгесі өндірілді. Сондай-ақ, бір кәсіпорынның қызметі заң бұзушылықтар үшін алты ай мерзімге тоқтатылды. Ал заңсыз қоқыс үйінділерінің 13 нысаны анықталып, төртеуі жойылды, қалғандары бойынша тиісті іс-шаралар қабылдау үшін ақпарат аудан әкімдіктеріне жолданды. Департамент басшысы жұмыстың тек жауапкершілікке

тарту ғана емес, заң бұзушылықтардың алдын алу және қаланың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

Брифингте Алматының экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған Жол картасының орындалуы да сөз болды. Тоғыз іс-шараның екеуі ішінара орындалса, алтауы жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарланған. Табиғатты қорғау іс-шараларына биыл 1,25 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп, оның 453 млн. теңгеден астамы игерілген.

Сонымен қатар, экологтар бірінші жартыжылдықта 446 дизельді автокөлікті тексеріп, олардың 71-інде нормадан тыс ластаушы заттар анықталған. Нәтижесінде 32,6 млн. теңгеден астам айыппұл салынды. Зертханалық бақылау қорытындысы бойынша Алматыда атмосфералық ауа мен су айдындарында жоғары деңгейдегі ластану тіркелмеген. Тек Есентай өзенінде мұнай өнімдерінің мөлшері белгіленген нормадан жоғары болған.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Жаңарған жасыл аймақ

Медеу ауданындағы Шухов атындағы скверде кешенді көріктендіру жұмыстары жалғасып жатыр.

Медеу ауданы әкімдігі өкілдерінің хабарлауынша, аумақта 26 мың шаршы метр жер көгалдандырылып, құнарлы топырақ төселген. Сондай-ақ автоматты суару жүйесі орнатылуда. Қазіргі таңда 5,6 шақырымға жуық магистральдық құбырлар тартылған.

Жоба аясында ескірген шағын сәулет пішіндері, жабындар, балалар, футбол және баскетбол алаңдарының қоршаулары алынып тасталды. Олардың орнына заманауи спорттық және жаттығу құрылғылары, балаларға арналған жаңа ойын элементтері орнатылады. Сонымен қатар, демалыс аймағының

инфрақұрылымы жаңартылып, тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз демалуына қолайлы жағдай жасалуда.

Жалпы, көгалдандыру және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстары қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, экологиялық ахуалды жақсартуға және жайлы қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған. Жаңартылған сквер балалардың еркін ойнауына, жастардың спортпен шұғылдануына және тұрғындардың таза ауада серуендеп, уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасайды.

Айта кетейік, жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарлама тұрғындардың ұсыныстары негізінде қоғамдық кеңістіктерді жаңартып, халықтың сұранысына сай жайлы әрі заманауи демалыс орындарын қалыптастыруға бағытталған.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



13 ЖАҢА ЖАТАҚХАНА

пайдалануға беріледі

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен студенттер жатақханасының қорын ұлғайту жұмыстары жалғасуда. Қалалық Жастар саясаты басқармасы өкілдерінің айтуынша, биыл қалада шамамен 4,7 мың орынға арналған 13 жаңа жатақхананы пайдалануға беру жоспарланып отыр.



Қазіргі таңда Алматыда 221 мыңнан астам студент оқиды, оның 149 мыңы өзге өңірлерден келген жастар. Бүгінде қалада жалпы сыйымдылығы 46,2 мың орынды 136 студенттер жатақханасы жұмыс істейді. Қазіргі тапшылық шамамен 5,7 мың орын.

Осы мәселені шешу мақсатында Алма-

ты әкімдігі Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, студенттер жатақханаларының құрылысын үйлестіру жөніндегі жобалық кеңсенең жұмысын ұйымдастырды.

2025 жылы қалада 4,5 мың орынға арналған 13 жатақхана пайдалануға берілді. Сонымен қатар, студенттердің



тұрғын үймен қамтылу деңгейі мен алдағы құрылыс жоспарларын қамтитын қажеттілік картасы әзірленді.

2030 жылға дейін Алматыда 20 мыңға

дейін жаңа орын ашу жоспарланып отыр. Бұл студенттер жатақханаларына деген қажеттілікті толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



altyalash.kz

Тегін үйірмеге келіңіз!

Алматы қаласы кітапханалары барша оқырман қауым үшін жағымды жаңалығын жеткізді. Қала тұрғындарына, балалар, жасөспірімдер мен ересектерге арналған тегін жазғы үйірмелер мен танымдық бағдарламалар ұйымдастырылып отыр. Кітапханаларда шебердің сабақтары, шығармашылық кештер, пікірталас алаңдары және түрлі білім беру бағдарламалары өткізіледі.

Мұнда үйірменің түрі көп. Әркім өз қызығушылығына қарай таңдауына болады. Мәселен, әдеби-танымдық клубтар, шет тілдері курстары, компьютерлік сауаттылық, шешендік өнер, актерлік шеберлік, сәндік-қолданбалы өнер, кітап клубтары, қолөнер үйірмелері және басқа да көптеген бағыт бар.

Шығармашылық қабілетін дамытқысы келетін балалар үшін дәстүрлі және заманауи қолөнер тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік беретін сәндік-

қолданбалы өнер үйірмелері жұмыс істейді.

Мұндай үйірмелер И.А.Крылов атындағы қалалық балалар кітапханасында, Алматы кітапханаларының Герольд Бельгер көшесі, 1 Б мекенжайындағы филиалында, сондай-ақ №1, №14, №26, №33, №39 және №44 кітапханаларда ұйымдастырылған.

Кітап әлемін тереңірек танып, ойөрісін кеңейткісі келетіндер үшін кітап клубтары жұмыс істейді. Олар А.П.Че-

хов атындағы орталық қалалық кітапханада, Alatau Creative Hub орталығында, С.Бегалин атындағы орталық қалалық балалар кітапханасында, Алматы кітапханаларының Розыбакиев көшесі, 247/7 мекенжайындағы филиалында, сондай-ақ №1, №14, №24, №26, №32 және №33 кітапханаларда өткізіледі.

Сонымен қатар, №44 кітапханада компьютерлік сауаттылық курсы бар. Курс заманауи технологиямен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын меңгеруге, цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға және түрлі бағдарламалармен жұмыс істеу машығын жетілдіруге мүмкіндік береді. Кітапханаларда шет тілдерін тегін оқуға да мүмкіндік бар.

Қазақ тілі курстары И.А.Крылов атындағы қалалық балалар кітапханасы мен №39 кітапханада, ал ағылшын тілі сабақтары И.А.Крылов атындағы қалалық балалар кітапханасы, Alatau Creative Hub-та, Алмалы кітапханасы, сондай-ақ №30 және №33 кітапханаларында ұйымдастырылған. Сонымен қатар, қытай тілін Alatau Creative Hub пен А.П.Чехов атындағы орталық қалалық кітапханада үйренуге болады.

Көпшілік алдында сөйлеу және шешендік өнерді меңгергісі келетіндер үшін Alatau Creative Hub пен И.А.Крылов атындағы қалалық балалар кітапханасында арнайы сабақтар өткізіледі. Алматы тұрғындары мен қала қонақтарын жазғы демалысты Алматы кітапханаларымен бірге қызықты, мазмұнды әрі пайдалы өткізуге шақырамыз!

Үйірмелерге жазылу және қосымша ақпарат алу үшін кітапханаларға хабарласуға немесе library.almaty ресми Instagram парақшасына жазуға болады.

ТАЛАПКЕР

Түлектер қатары арта түсті

Мегалополисте техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына қабылдау науқаны толықтай цифрлық форматта жүргізілуде. Биыл талапкерлердің құжаттары дәстүрлі қағаз түрінде емес, OQU Bilim ақпараттық жүйесі арқылы қабылданып жатыр. Бұл талапкерлер үшін құжат тапсыру үдерісін барынша жеңілдетіп, ашықтық пен қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Қалалық Білім басқармасының мәліметінше, бүгінде жүйеде 8182 өтініш тіркелген. Бұл мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемінің 46,1 пайызын құрайды.

Биыл Алматыдағы колледждерге бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы 17 173 орынды қамтиды. Қаладағы 58 колледжде жұмысшы мамандықтардан бастап, заманауи технологиялық бағыттарға дейінгі түрлі сала бойынша білікті кадрлар даярланады. Цифрлық қабылдау жүйесі талапкерлердің өтініштерін жедел өңдеуге, мамандық таңдауды жеңілдетуге және қабылдау науқанының ашық өтуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бүгінде Алматы – еліміздің техникалық және кәсіптік білім беретін ірі орталықтардың бірі саналады. Қаладағы 88 колледжде 131 мамандық пен 220 біліктілік бойынша 86,8 мыңнан астам студент білім алып жүр. Өндіріс пен еңбек нарығының сұранысына сай мамандар даярлау жүйесі тұрақты жаңартылып келеді. Бұл өз кезегінде жастардың сапалы білім алып, сұранысқа ие кәсіпті меңгеруіне, ал қаланың білікті кадрлық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

Биылғы алғашқы жартыжылдық-та Алматыда жол-көлік оқиғаларының ауыр зардаптары айтарлықтай азайды. Көлік қозғалысының жоғары қарқындылығы сақталып, жол апаттарының жалпы саны аздап артқанына қарамастан, жолдағы қаза тапқандар саны шамамен, 36%-ға, жарақат алғандар саны 5%-дан аса төмендеді.



Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек мәлімдеді. Оның айтуынша, Алматы – еліміздегі көлік ағыны өте жоғары ең ірі мегаполис. Қазіргі таңда қалада 703 мыңнан астам көлік тіркелген, ал күн сайын қала аумағына қосымша 230 мыңға дейін автокөлік кіреді. Осындай жағдайда жол қозғалысы ережелерін сақтау жүргізушілердің, жаяу жүргіншілердің, велосипедшілердің, мопед және электросамокат пайдаланушыларының ортақ міндеті.

Биылғы алты айда мегаполисте 3598 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Апаттарды талдау көрсеткендей, жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері бұрынғысынан жылдамдықты шамадан тыс асыру, жаяу жүргіншілер өткелінен өту ережелерін бұзу, жол белгілерін елемей, жолаушыларды тасымалдау қағидаларын сақтамау және қарсы бағыттағы жолаққа шығу болып отыр.

«Жол апаттарының басым бөлігінің негізгі себебі – адам факторы және заң талаптарын сақтамау», – деп атап өтті полиция өкілі.

Жыл басынан бері Алматыда жол қозғалысы ережелерін бұзудың 1,6 миллионнан астам дерегі анықталды. Бұл құқық бұзушыларды жауапкершілікке



тарту жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Оның ішінде көлік құралын мас күйінде басқарудың 1300-ден астам фактісі тіркелген. Сот шешімімен 1700-ден астам жүргізуші көлік басқару құқығынан айырылып, 1200-ден астам құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Брифинг барысында жеке мобильділік құралдарына, әсіресе, электросамокаттарға ерекше назар аударылды. Полицияның мәліметінше, алты ай ішінде

қалада электросамокаттардың қатысуымен 83 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, салдарынан 89 адам жарақат алған.

Көліктің бұл түрінің танымалдылығының артуына байланысты оны пайдалануға қатысты жаңа талаптар күшіне енді. Салтанат Әзірбектің айтуынша, енгізілген өзгерістердің басты мақсаты – жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және пайдаланушылардың жауапкершілігін күшейту.

Кикшеринг қызметін көрсететін компаниялармен бірлесіп, жалға берілетін

электросамокаттарды жеке тіркеу нөмірлерімен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Бұл іс-шара жол қозғалысы ережелері бұзылған жағдайда көлік құралын және оны пайдаланушыны жедел анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, полиция тіркеу таптары тек жалға берілетін электросамокаттарға ғана қатысты екенін ерекше атап өтті. Жеке меншік электросамокат иелеріне мемлекеттік тіркеуден өтіп, мемлекеттік нөмір алу талап етілмейді.

Жаңа нормалар күшіне енгеннен кейін полиция қызметкерлері жеке мобильділік құралдарын пайдаланушылардың жол қозғалысы ережелерін сақтауына бақылауды күшейтті. Профилактикалық және бақылау іс-шаралары адамдар көп жиналатын орындарда, орталық көшелерде, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерде, сондай-ақ бұрын құқық бұзушылықтар мен жол-көлік оқиғалары жиі тіркелген учаскелерде жүргізілуде.

Сонымен бірге, ведомство негізгі назар айыппұл салуға емес, құқық бұзушылықтардың алдын алуға аударылып отырғанын атап өтті. Осы мақсатта электросамокат пайдаланушылар мен жалға беру сервистерінің өкілдері арасында кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Полиция департаменті заңнамадағы өзгерістердің басты мақсаты айыппұл санын көбейту емес, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау және жол қозғалысына қатысушылардың барлығы үшін қауіпсіз қалалық орта қалыптастыру екенін еске салады.

«Жолдағы қауіпсіздік әр адамның жеке жауапкершілігінен басталады. Жол қозғалысы ережелерін сақтау – айналаңыздағы адамдарға деген құрметтің және өз қауіпсіздігіңіздің кепілі», – деп түйіндеді Салтанат Әзірбек.

Нұржамал ӘЛІШ.

«Мемлекеттік қызметтер» жәрмеңкесі өтті

Жетісу ауданы, Серіков көшесі, 6 А мекенжайында тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді қолжетімді ету және олардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Мемлекеттік қызметтер» жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Іс-шараға Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы, Алматы қаласы Білім басқармасы, Жетісу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы, сондай-ақ Алматы қаласының Еңбек мобильділігі орталығының мамандары қатысты.

Жәрмеңке барысында тұрғындар денсаулық сақтау, білім беру, кәсіпкерлікті қолдау, салық заңнамасы, жұмыспен қамту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салалары бойынша өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, білікті мамандардың кеңесіне жүгінді.

Сонымен қатар, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алу тәртібі түсіндіріліп, цифрлық сервистерді пайдалану мүмкіндіктері таныстырылды. Бұл тұрғындардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік қызметтерді тиімді әрі ыңғайлы алуға бағытталған маңызды қадам болды.

Мұндай іс-шаралар мемлекеттік органдар мен халық арасындағы өзара сенімді нығайтып, ашықтық пен қолжетімділікті арттыруға ықпал етеді. «Мемлекеттік қызметтер» жәрмеңкесі тұрғындар үшін қажетті ақпарат пен кеңес алуға мүмкіндік беретін тиімді диалог алаңына айналды.

Рая ЕСКЕНДІР.



Алматы қаласының Жетісу ауданында заңсыз саудамен Акурес және қоғамдық кеңістікте тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында кезекті рейдтік іс-шара өтті. Тексеру Солтүстік айналма көшесінің бойында ұйымдастырылып, оған аудан әкімі аппаратының қызметкерлері, прокуратура және полиция органдарының өкілдері қатысты.



Іс-шара «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында өткізіліп, қала тұрғындары үшін қауіпсіз әрі қолайлы қоғамдық орта қалыптастыруға бағытталды.

Рейд барысында аумақтарды көріктендіру қағидаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабы бойынша 24 әкімшілік хаттама толтырылды. Сонымен қатар, белгіленбеген орындарда сауда жасаған азаматтарға Кодекстің 204-бабы негізінде тағы 15 әкімшілік хаттама рәсімделді. Мамандар заңсыз сауда тек санитарлық талаптардың сақталмауына ғана емес, жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысына кедергі келтіріп, қоғамдық қауіпсіздікке де кері әсер ететінін атап өтті.

Аталған аумақтағы заңсыз сауда мәселесі тұрғындар тарапынан бірнеше мәрте көтерілген болатын. Әсіресе, «Байсат» және «Ялян» сауда орталықтарының маңында жол жиегінің бейберекет сауда орнына айналуы көлік кептелісін күшейтіп, жаяу жүргіншілердің еркін қозғалысын қиындатқаны жөнінде шағымдар жиі түскен. Осыған байланысты құзырлы органдар заң талаптарының сақталуын күшейтіп, мұндай рейдтерді тұрақты негізде өткізуді жоспарлап отыр.

Қала әкімдігі заңсыз сауданы жою жұмыстары ең алдымен қоғамдық тәртіпті сақтау, қаланың сәулеттік келбетін жақсарту және тұрғындарға қолайлы урбанистік орта қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Сонымен қатар, кәсіпкерлерге сауда қызметін тек заңда белгіленген орындарда жүргізу қажеттігі ескертіліп, қолданыстағы талаптарды сақтау қаладағы заң үстемдігі мен тәртіп мәдениетін нығайтудың маңызды шарты екені айтылды.

Әзірлеген Дана БОЛАТҚЫЗЫ



Суретті талдаған этнографтардың пікірінше, дәстүр бойынша күйеу жігіт қайын жұртының ауылына алғаш келгенде үлкендерге иіліп сәлем береді, ошаққа май құю рәсімін орындайды. Сонымен қатар, «шаш сипатар» мен «қол ұстатар» сияқты арнайы жоралғылар жасалады. Бұл рәсімдердің барлығы күйеу жігіттің қайын жұртына алғашқы сапарына ғана тән болған және кейінгі кездесулерде қайталанбаған. Яғни бұл фотосурет қазіргі әлеуметтік желілерде кең тараған күйеу жігіттің әр той сайын сәлем беру дәстүрін емес, қазақтың тарихи үйлену ғұрпындағы бір реттік рәсімді бейнелейді.

Ал психолог Айнұр Кенжебайдың пікірінше, тойдағы жігіттің әрекеті жас жұбайлардың ата-аналарға деген ризашылығын білдіруіне, екі әулет арасындағы сыйластықты нығайтуға ықпал етуі мүмкін. Дегенмен, кез келген жаңа рәсімді «қазақтың байырғы салты» деп қабылдас бұрын оның тарихи негізіне үңілу қажет екенін айтады.

«Дәстүр – уақыт сүзгісінен өтіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан рухани мұра. Ал тренд – қоғаммен бірге өзгеріп, жаңа сипат алатын мәдени құбылыс. Екеуін шатастырмаған жөн. Бүгінгі күні қыз ұзатуда күйеу жігіттің

КҮЙЕУ ЖІГІТТІҢ СӘЛЕМІ:

Трендті дәстүрмен шатастырып жүрміз

Кейінгі уақытта әлеуметтік желілерде қыз ұзату тойынан түсірілген бейнежазбалар көпшілік назарын аударып жүр. Әсіресе, күйеу жігіттің қалыңдықтың ата-анасы мен туған-туыстарына иіліп сәлем беруі көптің талқысына түсті. Бірі мұны қазақтың ұмыт болған салтының қайта жаңғыруы деп бағаласа, енді бірі кейінгі жылдары қалыптасқан жаңа тренд санайды. Шынында, бұл әрекет қазақтың байырғы дәстүрі ме, әлде әлеуметтік желінің ықпалымен кең таралған жаңа мәдени құбылыс па?

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде үлкенге құрмет көрсету – тәрбиенің ең басты өлшемдерінің бірі. Жас келіннің қайын жұртындағы үлкендерге сәлем салуы – ғасырлар бойы үзілмей жалғасып келе жатқан салт. Ол келіннің жаңа әулетке деген құрметін, инабатын және тәрбиесін білдіреді. Ал күйеу жігіттің қалыңдықтың ата-анасына дәл осылай иіліп сәлем салуы жөнінде қоғамда түрлі пікір бар.

Ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігін, отбасы дәстүрлерін зерттеген Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Халел Арғынбаев еңбектерінде құда түсу, қыз ұзату, неке қию, беташар секілді рәсімдер кеңінен сипатталғанымен, күйеу жігіттің қыздың ата-анасына келін сияқты арнайы сәлем салуы міндетті дәстүр ретінде көрсетілмейді. Алайда, бұл қазақ қоғамында күйеу балаға ізет көрсету мәдениеті болмаған дегенді білдірмейді.

Қазақта «Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» деген нақыл бар. Бұл екі әулеттің арасындағы сыйластықтың, құрметтің маңызын аңғартады. Күйеу жігіт қайын жұртының үлкендеріне әдеп сақтап, сыпайы сөйлеп, батасын алуға ерекше мән берген. Құда түсу, қыз ұзату рәсімдеріндегі сый-сияпат пен жөн-жоралғылардың өзі қыз тәрбиелеген отбасыға деген құрметтің белгісі болған. Дегенмен, бұл мәселеге қатысты этнографтардың пікірі бір арнаға тоғыспайды.

Этнограф Бұлбұл Кәпқызы болса, күйеу баланың қайын жұртына тәжім

етуі қазақ арасында болған жоралғылардың бірі санайды. Оның пікірінше, уақыт өте келе бұл дәстүр көмескіленіп кеткен. Зерттеуші бұл ойын XIX ғасырда ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин жазған «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» атты еңбегімен негіздейді. Онда қалыңдық ауылына алғаш келген күйеу жігіттің ауыл әйелдеріне басын иіп, тәжім ететіні мұны орындамау әдепсіздік саналатыны баяндалған.

Ал этнограф Болат Бопайұлының бұл тақырыпқа қатысты қалдырған пікірі өзгеше. Онда қазақ дәстүрінде күйеу бала үлкендерге құрмет көрсетіп, басын иіп амандасқанымен, келін секілді арнайы сәлем салу рәсімі болмаған. Демек, қазіргі әлеуметтік желілерде кең таралған көріністегідей салт болмаған деген тұжырымды аңғартады. Демек, бүгінгі трендтің түп негізінде қазақы әдеп пен үлкенге құрмет көрсету мәдениеті жатқанымен, қазіргі орындалу үлгісі бұрынғы қалпынан өзгеше екенін байқауға болады.

Тойшыл, сауықшылдық қазақ мәдениетін едәуір өзгерістерге ұшыратып жатқанын аңғару қиын емес. Бұрын тек отбасы мен ағайынның ортасында өтетін салтанат бүгінде әлеуметтік желілер арқылы мыңдаған көрерменге ұсынылады. Соның ықпалынан әсерлі кадрлар, символдық рәсімдер, жаңа дәстүрлер пайда бола



бастады. Күйеу жігіттің иіліп сәлем беруі де сондай құбылыстардың бірі.

Ескі суреттегі «күйеу жігітті сынау» дәстүрі

Киіз үйдің босағасында қыздың жақындарына иіліп сәлем беріп тұрған күйеу жігіттің ескі фотосуреті де әлеуметтік желіде кеңінен тарады. Көпшілік бұл көріністі қазіргі жастар арасында белең алған «күйеу жігіттің сәлем салуы» үрдісімен байланыстырып жүр.

Алайда, этнограф Досымбек Қатыранның айтуынша, фотода бейнеленген көрініс күнделікті сәлем салу емес, қазақтың көне үйлену рәсімдерінің бірі – күйеу жігітті сынау немесе құда түсу кезіндегі жоралғы. Бұл сурет XIX ғасырдағы «Түркістан альбомы» топтамасына енген және «Қырғыздардың (қазақтардың) үйлену салты» немесе «Күйеу жігітті сынау» деген атаумен белгілі. Құнды тарихи фотосурет бүгінде Алматы қаласының мемлекеттік архивінде сақтаулы. Оның авторы – белгілі этнограф әрі фотограф Александр Людвигович Кун.

иіліп сәлем беруі – қазақ қоғамындағы үлкенге құрмет көрсету құндылығының жаңа көрінісі деуге болады. Оның нақты тарихи негізі жөнінде ғалымдардың пікірі әртүрлі болғанымен, бұл әрекеттің астарында қыз тәрбиелеп өсірген ата-анаға алғыс айту, екі әулеттің арасындағы сыйластықты көрсету ниеті жатыр», – дейді психолог.

Қай дәуірде де салттың сыртқы формасынан бұрын оның мазмұны маңызды. Егер мұндай әрекет шынайы құрметтен туындаса, ол тәрбиелік мәні бар игі үрдіске айналмақ. Ал оны байырғы қазақ дәстүрі ретінде біржақты таныстыру тарихи деректермен толық дәлелденбеген. Сондықтан бұл құбылысты дәстүрден тамыр тартқан, бірақ қазіргі заман талабына сай жаңаша сипат алған мәдени үрдіс ретінде бағалау әлдеқайда орынды.



Дана
САДЫРҚАН.

«ХАНДАР КИГЕН ҚАМҚА ТОН»

қой үстіне жабылғаны ма?

Шапан – қазақ халқының ұлттық ерекшелігін әйгілейтін ерекше киім. Енді бір жағынан салт-сана-сын, мінез-құлқы мен пейіл-ниетін айшықтаған кәделі бұйымы. Бірақ кейінгі кездегі желі контент-теріне назар тіксеңіз, «шапанның қадірін кетіріп алмадық па?» деген ойға қаласыз.



Мәртебелі мейманы мен қадір тұтқан қариясына ат мінгізіп, шапан жапқан қазақтың ұрпағы қызық қылық шығарыпты. Шапанға қазақ тұрмысының ажырамас бөлігі есебінде емес, желбегей не жамылғы құралпы қарап, қой орап, қозы құндақтайтын болыпты.

Көпшіліктің талқысына түскен видео Instagram желісінде жарияланды. Бейнежазбада асабаның той ортасында тосын әрекетке барып, үстіне шапан жабылған қойды ортаға алып шыққанын көрдік. Оны тектеген қонақтар да көрінбейді, керісінше оған қарқылдай күліп, бас изесіп, қол шапалақтайды. Бұл күнде дарақылықтың жарысы болып жатқандай, мұндай әрекеттерді күнде көріп, көз үйреніп те бара жатқандай. Елемей-ақ қоюға, сөзді шығын етпеуге болар еді, десек те, бара-бара шымбайға батып бара жатқасын да ащы дауысымыз шығады.

Ақын, этнограф, дінтанушы, балалар жазушысы Гүлмекен Қасенбайқызының пікіріне қарағанда, шапан – қазақ халқының ең құрметті қонағына ғана жабатын, жоғары құрметке негізделген сый-сыяпат. Оны той үстінде қой немесе жылқыға жабуды ұлттық құндылықты аяққа таптау деп санайды.

«Той – тәрбие орны. Тойда атқарылатын әр рәсім, үлкендер тарапынан алдын ала қатаң сыннан өтіп, дін

мен дәстүрге қарсы келмейтін жағдайда ғана қолданылса, құба-құп. Шапанды малға жабу – қазақы мәдениетті аяққа таптау, қорлау», – деп қатаң сөкті этнограф.

Ол сондай-ақ, базар толы арзан шапандардың көбеюі де бұл құндылықтың құнын түсіріп жатқанын алға тартады. Сыйлы кәдеміз бен ұлттық құндылықты қорғау үшін сырттан кіретін арзан өнімдерге шектеу қойып, отандық шеберлердің сапалы өнімдеріне жол ашуды ұсынады.

Желідегі жұртшылық та қойға шапан жапқызған той иелерін сынға алады. Олар «Ұлттық киіміміз қор болды», «Асабалардың жеткен жері, халқымыздың деңгейі осы», «Ұлттық киімді қорлады, ұят жағдай», – деп жазған.

Шапан жайлы түсінігіміз шалағай ма?

Әдетте, шапан кең, ұзын, жеңді болып келеді. Көбіне жүннен немесе мақтадан дайындалып, сырты барқыт, пүліш, шұғадан тігіледі. Ішіне астар салынып, оқаланып, сәндік мақсатта кестеленеді. Қазақтың этнографиялық энциклопедиясында шапан туралы: «Шапан – матадан астарланып, кейде арасына қой мен түйенің жүні салынып, сырып тігілетін сырт киім түрі. Шапан жібек, баршын, күдері, мақпал, шағи, барқыт, шибарқыт, пүліш, шұға сияқты маталардан тігіледі. Қазақы ортада шапанды көбінесе ерлер, ішінара әйелдер мен балалар да киген. Қазақы шапандардың пошымы мен пішімінде аймақтық ерекшеліктер бар. Атап айтқанда, Жетісу мен Оңтүстік өңірлерінің шапандарының етек-жеңдері ұзын келіп, әшекейлі болады. Сонымен қатар, олар көбінесе сырмалы әрі жолақты болып келеді. Ал Сыр өңірі мен Батыс аймақтардың шапандары шалғайлы кең, жеңдері де ұзын келген қайырма жағалы болады. Орталық пен Шығыс өңір шапандарының басты ерекшелігі сирек қабылған,

КҮЙ ҚҰДІРЕТІ

Қазанғаптың «Құс қайыруы» жайында

Бұрнағы күні, тура Ұлттық домбыра күнінде Қазақстан Жазушылар кітапханасы тамаша бір қоңыр кештің ұйытқысы болды. Өрелі өнердің құрметті майталмандары, күйшілер мен бірқатар ансамбльдердің басы қосылды. «Төремұрат», «Бәйтерек», «Сәбира», «Ақниет» ансамбльдерінің өнерпаздары тамаша кешті күй күмбіріне бөледі.

Күй туралы, күй қазынасы туралы қанша айтсақ та, таусылмас әңгіменің жетегінде кете берерміз. Кештің бір кезегінде әйгілі дәулескер күйші Қазанғаптың «Құс қайыру» күйі естілді. Кеудең кербездік пен сырбаздыққа толып, жоғың табылғандай, дертіңнен құлан-таза айыққандай болып рахат сезімнің бесігінде тербеліп тұра бердік. Бұдан артық рахат бар дегенге сенгің де келмей, бұдан артық сұлулық бар дегенді көргің де келмейтін бір сазды әлем құшағына еніп кетесің.

Бұл не құдірет?! «Бұл дегеніміз – ата-бабаның бізге аманатқа қалдырған баға жетпес сыйының, киелі өнерінің тылсым күші. Сезімінді оятар, санаңды сергітер, жігеріңді жанып, өзіңнің қазақ болып туғаныңды мақтан өткізер алапат күш!» деп жазған едік, «Қазақ бүркітшілігінің әліппесі» кітабымызда (ҚазАқпарат, 2013. 13-бет).

Аралдың Құланды түбегінде туған Қазанғап Тілепбергенұлының (1854–1921) күй сандығы алтын қазынаға толы. Оның «Балжан қыз» күйінің бірнеше түрі, «Боз-

жарғанның бүгелек шығуы», «Торы ат», «Ақжелең» секілді сериялы күйлер топтамасы да бар. Ал «Учитель», «Шынаяқ тастар», «Құс қайыру», «Қаратөстің» бірнеше түрі, «Домалатпай», «Бұраңдама, келіншек» тағы басқа да ұлт игілігіне айналған күйлерінде қаншама сыршыл шежіре жатыр десеңізші!

Бірде қолымызға Әбділхамит Райымбергеноұлының орындауындағы «Құс қайыру» күйінің таспасы түсті. Қайта-қайта тыңдадық. Ал күйдің аңызы былай дейді: Бірде Қазанғап күйші жолаушы келе жатып, Құспек төренің ауылына бұрылады. Екеуі де құсбегі, атбегі, күйші, сан өнердің басын қайырған серілер. Құспек досы Қазанғапқа баптап отырған сұңқарын көрсетіп, ертең саятқа шығайық дейді. Бұған Қазекем:

– Төрем, сұңқарыңның бір-екі қайыруы кемдеу екен. Тіл алсаң, саятқа шығуға әлі ертерек, – дейді.

Алған бетінен қайтуды білмейтін, ондайды ар көретін, ұстарадай өткір Құсекем өз айтқанында тұрып, ертесіне бір



топ адаммен сөйілге шығып, сұңқардың аяқ бауын ағытады. Шала қайырылған құс ә дегеннен иен түзге бет алып зымырай жөнеледі. Қалған мәселені күй өзі айтты. Біз сендік.

Күйдің басталуы – қазақы жайбарақаттық, алшаң басқан қамсыз көңіл кенеттен қайрат пен жігерге толы қуғынға, күйқылжыған әуенге беріліпті. Аз уақыттан кейін күдік ұлғая бастаған. Тіпті, сұңқардың шақыруға «пысқырмай», құйрығын сілкіндіріп кете беруі тайға таңба басқандай өрнектелген. Бұған көңіл аудармау мүмкін емес: жарау жүйріктердің құлшына шабысы, өршелене түскен қуғын тыңдаушының тамырында қан ойнатады.

Күй соңына қарай үміттің үзілген кезі сұлу да кербез әуенмен қайырылған. Қу-

сырусыз болады. Олардың да етек-жеңдері кең әрі ұзын келіп, жағалары шолақ оймалы, кейде түймелі жағалысы да болады» деп жазылған.

Шапанды тұрмыс киімі деп түсінуге әсте болмас. Шапан адамның мерей-мәртебесін, жасын, шыққан тегі мен таным-түсінігін әліптейтін қызметі бар.

Символдық мәйегі бар киім

Шапан – ұлттық киім ғана емес, құрмет пен мәртебе белгісі. Ұлттық музейде XVIII ғасырдан жеткен аса құнды жәдігер – Абылай ханның шапаны сақталған. Қызыл күрең түсті, пүліштен, ішкілігі жібек матадан тігілген. Алдыңғы екі өңір, артқы бой, екі жең, тік жағадан тұрады. Алды ашық желбегей, қаусырмалы, қолтық астынан бастап етек жағына дейін үшкілденіп қиылған. Шапанның жағасы, өңірі, жең жиектерінде алтын жіппен екі қатар сызық жүргізіліп, ортасына «толқын» тәрізді өрнектер бейнеленген. Ішкі сызықты бойлай шырмауық гүл үлгісінде ою салынған. Бұл – баға жетпес мұраның өзі қазақ қоғамындағы шапан киімінің саяси мән-маңызын аша түседі.

Қазақта «Шапан жабу» дәстүрі құрмет көрсету, жоғары мәртебе беру белгісі ретінде қолданылады. Сондықтан бұл заттың символдық мәні қоғамдық қарым-қатынасты, дәстүрлік салтты, әлеуметтік танымды сипаттайды. Бұл хақында этнографиялық энциклопедияда кеңінен талданады.

«Дәстүрлі қазақы ортада шапан кәделі киім саналып, белгілі бір жосын-жоралғыларды атқаруда маңызды рөл атқарды. Көнеден бастау алатын сыйлы адамдарға, қонаққа, балуанға, ел басқарған адамдардың халыққа жасаған қызметі үшін қымбат әрі қадірлі сый ретінде «иығына шапан жабу» салты күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді».

Сонымен бірге, шапан қонақжайлылықтың, әдеп пен сый-құрметтің, рухани ілтипаттың айшығы. Қазақтың үйіне арнайы келген қадірлі қонағын көтермелеп, ерекше сыйлап, шапан жауып, шығарып салады. Шапан жабу дәстүрі де біздің халқымыздың теңдессіз талғамы, қонақ күту мәдениетінің асқақ көрінісі.

Задында, ел арасында татуласу, ымыраласу ниетінде қайта табысатын, табысудың түйіні ретінде шапан жабатын рәсім ұшырасады. Бұл – кешірім мен ымыраға келудің белгісі.

Шапан қазақ халқының жоғары эстетикалық талғамын, қонақжайлылығы мен мәрттігін, салт-дәстүрін сипаттап, қонақты қуанытып, таңданыс, мақтаныш, құрмет сияқты сезімдерді тудыра алады. Мәселен, әлемге аты шыққан ардақты әншіміз Димаш Құдайбергеннің актер Джеки Чанға шапан жапқаны көптің есінде. Бұдан бөлек, Голливуд актері Николас Кейдждің, Францияның бұрынғы президенті Франсуа Олландтың, боксшы Майк Тайсонның және Ресейдің рәп орындаушысы Тиматидің ерекше құрметке бөленіп, қазақтың ұлттық киімін киіп, көпшілікті тамсандырған. Тіпті, 2018 жылы Криштиану Роналдуға біздің мұнай компанияларының бірі қазақша шапан жапқан еді. Даңқы дүбірлеген спортшымыз Илья Ильин болса, заманында оңтүстіккореялық поп-иконалардың бірі PSY-ға да шапан сыйлады. Демек, шапанды кию мен жабудың да жөн-жоралғысы бар екенін ұмытпасақ екен.

Дастан ҚАСТАЙ.

Данияр ӘЛБОЗЫМ, этнограф, өнер зерттеушісі

Мемлекеттік қолдау нәтиже берді

Алматыда кейінгі бір жарым жылда АИТВ-инфекциясының анадан балаға берілуінің бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ. Мұндай нәтиже тегін медициналық көмектің мемлекеттік кепілдіктері шеңберінде қолжетімді профилактиканың, ерте диагностиканың және уақытылы емдеудің кешенді жүйесінің нәтижесі.

Елімізде ана мен бала денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу, балаларды ерте диагностикалау және медициналық сүйемелдеу, соның ішінде АИТВ-инфекциясы бойынша бағдарламаларды дамыту жалғасуда.

«Қолжетімді медициналық көмекке мемлекет басымдық беріп келеді. АИТВ-инфекциясының алдын алу, диагностикалау және емдеу тегін медициналық көмектің мемлекеттік кепілдіктеріне кіреді. Елде әрбір жүкті әйел АИТВ-ға жоспарлы тестілеуден екі рет өтеді. Бұл инфекцияны уақытылы анықтауға және емдеуді дереу бастауға мүмкіндік береді», – деді ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығының директоры Марат Түкеев.

Диагнозды растаған кезде әйелге жеке таңдалған заманауи антиретровирустық терапия тегін тағайындалады. Дер кезінде емдеудің нәтижесінде АИТВ-ның анадан балаға берілу қаупі бүгінде 0-2%-ға дейін төмендеді. Баланың денсаулығына қамқорлық өмірдің алғашқы минуттарынан басталады. Жаңа туған нәрестеге дереу профилактикалық емдеу тағайындалады, содан кейін ол бір жарым, екі жасқа толғанға дейін ЖИТС орталығының мамандарының бақылауында болады. Осы кезеңде бала АИТВ-ға бірнеше рет тексеруден өтеді. Егер 18 айға дейін барлық талдаудың нәтижесі «теріс» болса, ол диспансерлік есептен алынады. Бұл баланың сау екенін білдіреді.

Еліміздің барлық өңіріндегі онкологиялық орталықтарда 18 шілдеде тері және сүйек саркомаларын ерте анықтауға арналған «Ашық есік» күні өтеді.

Тегін тексеруден өтейік!

Осы күні сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін тұрғындар онкологтың тегін консультациясын алып, бастапқы тексеруден өтіп, аурудың алдын алу бойынша ұсыныстар алады. Ал медициналық көрсетілмдер болған жағдайда қосымша тексеруден өтеді.

Саркомалар – сүйек пен жұмсақ тіңдерде дамитын сирек кездесетін, бірақ ең агрессивті қатерлі ісіктердің бірі. Оларды ерте анықтау емдеудің тиімділігін едәуір арттырып, терапияны дер кезінде бастауға және аурудың болжамын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда жыл сайын 150-ден астам саркома жағдайы алғаш рет анықталады. Ал қазіргі таңда 1700-ден астам

пациент осы диагнозбен диспансерлік бақылауда тұр.

Онкологтар жұмсақ тіңдерде көлемі ұлғайып келе жатқан түйін немесе ісік тәрізді түзілістер, ұзақ уақыт басылмайтын сүйек ауруы, ісіну немесе басқа да күмәнді белгілер пайда болған жағдайда дәрігерге қаралуды кейінге қалдырмауға кеңес береді. Аурудың айқын белгілері пайда болғанша күтпеңіз. Дәрігерге бір рет профилактикалық қаралу ауруды дер кезінде анықтауға және емдеуді уақытылы бастауға мүмкіндік береді.

«Ашық есік» Абай даңғылы, 91 мекенжайында орналасқан Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында өтеді. Келіңіз!



Маңызды кезеңге мән беріңіз

Бала өмірінің алғашқы үш жылы – оның өсіп-жетілуіндегі ең маңызды кезең. Осы уақытта оның қимыл-қозғалысы, тілі, ой-танымы мен қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті қарқынды дамиды.

Сондықтан мамандардың тұрақты бақылауында болуы бала дамуындағы ерекшеліктерді ерте аңғарып, дер кезінде қолдау көрсетуге жол ашады. №36 қалалық емхананың бала дамуын бақылау кабинетінің медбикесі Ирина Задирееваның айтуынша, мұнда туғаннан үш жасқа дейінгі балалардың жүйке-психикалық дамуы жүйелі түрде бағаланады. Мәселен, алты айлық сәбиді қарау кезінде оның аунай алуы, сүйемелдеумен отыруы, ойыншыққа ұмтылуы, дауысқа елеңдеуі, көзбен байланыс орнатуы және айналасына қызығушылық танытуы назарға алынады.

«Баланың кейбір дағдыларды қатарластарынан сәл кеш меңгеруі міндетті түрде аурудың белгісі емес. Көп жағдайда дер кезінде берілген кеңес, дамыту жаттығулары мен ата-ананың дұрыс қолдауы оның қажетті дағдыларды тезірек игеруіне сеп болады», – дейді Ирина Михайловна.

Мамандардың айтуынша, балаға ерте жастан көрсетілген қолдау оның толыққанды дамуына негіз қалайды. Сондықтан ата-аналар профилактикалық тексеруден қалмай, бала дамуын бақылау кабинетіне уақытылы барып тұрғаны жөн.

Жаңа инновация

Мегалополистегі Кардиология және ішкі аурулар F3I-да митралды қақпақшаны «шеттен-шетке» (TEER – Transcatheter Edge-to-Edge Repair) әдісімен транскатетерлік пластикалау бойынша халықаралық практикалық шеберлік сабағы өтті.

Іс-шара ауыр митралды регургитациясы бар пациенттерді емдеудің заманауи әдістерін енгізу мақсатында Қазақстанның жетекші мамандары мен Қытай Халық Республикасының халықаралық сарапшыларын біріктірді. KIA F3I Басқарма төрағасы Рүстем Төлеутаевтың жетекшілігімен институт озық медициналық технологияларды енгізу, халықаралық ғылыми және кәсіби ынтымақтастықты дамыту, отандық мамандарды даярлау, сондай-ақ ел азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру бағытындағы көпжылдық дәстүрлерін жүйелі түрде жалғастырып келеді.

Шеберлік сабағы аясында ауыр митралды регургитациясы бар пациенттерге жоғары технологиялық аз инвазивті күрделі араласулар орындалды. Барлық операция жүректі тоқтатпай, жасанды қанайналымсыз және ашық хирургиялық араласусыз жүргізілді.

Операциялар мен білім беру бағдарламасының негізгі кезеңдері халықаралық жетекші сарапшылардың қатысуымен өтті: Шаньдун университетінің Цилу ауруханасының эхокардиография департаментінің директоры, профессор Liu Yan, құрылымдық жүрек араласулары кезінде интраоперациялық эхокардиографиялық сүйемелдеу бойынша халықаралық сарапшы профессор An Guipeng, сондай-ақ маман Zhang Chao. Жоғары технологиялық араласуларды институттың рентгенэндоваскулярлық операциялық блогының меңгерушісі Алексей Колесниковтың жетекшілігімен мультидисциплинарлық команда орындады. Операциялық топ құрамында интервенциялық кардиологтар: Алмат Қалжанов, Нұржан Теменов, Арыстан Күжүкеев және Маржан Илиясқызы. Пациенттерді операцияға дайындау, оларды жан-жақты тексеруден өткізу, араласуға көрсетілмдерді анықтау және операциядан кейінгі бақылау жүргізу барысында Әсем Амантаеваның жетекшілігімен институттың кардиологтар командасы маңызды рөл атқарды.

Барлық араласулардың интраоперациялық эхокардиографиялық сүйемелдеуін функционалдық және ультрадыбыстық диагностика бөлімінің меңгерушісі Ақжан Қонысбекованың жетекшілігімен бөлім мамандары қамтамасыз етті. Жүргізілген эхокар-



диографиялық бақылаудың арқасында DragonFly жүйесінің дәл орналасуы, араласу нәтижесінің объективті бағалануы және пациенттердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілді.

Пациенттердің клиникалық жағдайлары жан-жақты талқыланып, науқастарды іріктеудің, араласуды жоспарлаудың және TEER процедурасын жүргізудің заманауи тәсілдері қарастырылды. Барлық операциялар митралды қақпақша жармаларын бір-бірінен тәуелсіз ұстауға мүмкіндік беретін, сол арқылы митралды регургитацияны тиімді жоютын заманауи DragonFly жүйесінің көмегімен орындалды. Халықаралық шеберлік сабағын өткізу – KIA F3I-да және тұтастай Қазақстанда жоғары технологиялық медициналық көмекті дамытудың кезекті кезеңі. Көптеген жылдар бойы институт жүрек-қан тамырлары ауруларын диагностикалау мен емдеудің инновациялық технологияларын енгізу саласындағы жетекші орталық ретінде отандық кардиологияның үздік дәстүрлерін сақтап, оларды одан әрі дамытып келеді.

Осындай халықаралық білім беру іс-шаралары әлемдік озық тәжірибемен алмасуға, инновациялық емдеу әдістерін енгізуге және Қазақстандағы құрылымдық интервенциялық кардиологияның одан әрі дамуына ықпал етеді. DragonFly жүйесін қолдана отырып TEER әдісімен митралды қақпақшаны транскатетерлік пластикалау технологиясын меңгеру ауыр митралды регургитациясы бар пациенттерге жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтіп, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

ДЖИУ-ДЖИТСУ

АЗИЯНЫҢ ЖЕКПЕ-ЖЕК ШЕБЕРЛЕРІ

Алматыға жиналды

«Алматы Аренада» джиу-джитсу федерациясының президенті Руслан Ыдырысовтың айтуынша, құрлық чемпионаты жанкүйерлер мен мамандар үшін әлем чемпионаты алдындағы командалардың дайындығын бағалайтын маңызды дода саналады.

Алматы қалалық джиу-джитсу федерациясының президенті Руслан Ыдырысовтың айтуынша, құрлық чемпионаты жанкүйерлер мен мамандар үшін әлем чемпионаты алдындағы командалардың дайындығын бағалайтын маңызды дода саналады.

– Жарыстың алғашқы екі күнінде-ақ Қазақстан құрамасының спортшылары U-16 және U-18 санаттарында алтын медаль жеңіп алып, жақсы нәтиже көрсетті. Алматы қаласы әкімдігі мен Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Барша алматылықтарды жарысты тамашалап, қазақстандық спортшыларға қолдау көрсетуге шақырамыз, – деді ол.



Қазақстан джиу-джитсу қауымдастығының жетекшісі Қуат Сағиевтің сөзінше, кейінгі жылдары елімізде бұл спорт түріне қызығушылық айтарлықтай артып, Қазақстанның халықаралық беделі де нығая түсті. Азия чемпионатын өткізу құқығының берілуі – соның айқын дәлелі.

– Бұл жарыс біздің ұлттық құрама үшін

жоғары деңгейдегі бәсекеде шындалып, шілде айының соңында Әбу-Дабиде өтетін әлем чемпионатына тыңғылықты дайындалуға мүмкіндік береді. Алайда, биылғы жылдың басты додасы – қыркүйекте Жапонияда өтетін Азия ойындары. Өз жерімізде өтіп жатқан Азия чемпионатында жалпыкомандалық есепте

бірінші орын алуды көздеп отырмыз. Басты қарсыластарымыз қатарында Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясы және Филиппин құрамалары бар. Дәл осы командалардың спортшыларымен әлем чемпионаты мен Азия ойындарында да алтын жүлде үшін таласамыз, – деді Қуат Сағиев.

Чемпионаттың тағы бір ерекшелігі – жарыс Азия құрлығы елдеріне тікелей эфирде көрсетіледі. Ресми трансляцияны Азия джиу-джитсу одағы (JJAU) ұйымдастырып, миллиондаған көрермен спортшылардың өнерін онлайн-режимде тамашалай алады.

Күн сайын сағат 09.00–17.00 аралығында іріктеу және қола жүлде үшін белдесулер өтеді. Ал финалдық кездесулер мен марапаттау рәсімдері күннің екінші жартысында ұйымдастырылады.

Алматыда өтіп жатқан джиу-джитсудан 10-шы Азия чемпионаты Қазақстанда осы спорт түрінің дамуына тың серпін беріп қана қоймай, еліміздің халықаралық деңгейдегі ірі спорттық жарыстарды жоғары ұйымдастыра алатынын тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҰЛТТЫҚ СПОРТ



ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫ тегін үйреніңіз

Медеу аудандық комьюнити-орталығында тоғызқұмалақтан тегін курстар ашылды. Бұл – қалалық Тоғызқұмалақ федерациясы мен Алматы қалалық Жастар саясаты басқармасының бірлескен жобасы. Жоба жастар арасында ұлттық ойындарды кеңінен насихаттау, олардың зияткерлік әлеуетін дамыту және халқымыздың мәдени мұрасын сақтауды көздеген.

Алматы қалалық Жастар саясаты басқармасының бас маманы Жібек Бақытқызы жобаның ресми ашылу рәсмінде жастар комьюнити-орталықтарының жетекшілеріне тоғызқұмалақ ойыны тақталарын салтанатты түрде табыстады.

– Бүгінде мегаполистің сегіз ауданында 11 жастар комьюнити-орталығы жұмыс істейді. Олар жыл сайын 520 мыңнан астам алматылық жасты қамтиды. Мұнда олардың қызығушылығына сай түрлі жобалар жүзеге асырылып, заңгерлік және басқа да кеңес беру қызметтері көрсетіледі. Алматы – жастар мен білімнің қаласы. Сондықтан мегаполистегі жастарды қоғамдық өмірге белсенді тарту – жастар саясатының басты басымдықтарының бірі, – деді бас маман.

Алматы қаласы Тоғызқұмалақ федерациясы қоғамдық бірлестігінің президенті Руслан Қалиолла аталмыш жоба ұлттық құндылықты тегін насихаттауымен құнды екенін айтты.

– Тоғызқұмалақ – ұлттық ойын ғана емес, халқымыздың мәдениеті мен зияткерлік мұрасының ажырамас бөлігі. Комьюнити-орталықтарында тегін үйірмелердің ашылуы жастарға логикалық ойлауға, стратегиялық көзқарасын және талдау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді, – деді ол.

Федерация өкілдерінің айтуынша, Алматы Жастар саясаты басқармасымен бірлесіп тоғызқұмалақты бұқаралық зияткерлік спорт түрі ретінде дамыту жұмыстары жалғаса береді. Алдағы уақытта тұрақты оқу-жаттығу сабақтары, әуесқойлар турнирлері мен ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастыру жоспарда бар. Тегін үйірмелерге мегаполистің барлық тұрғындары қатыса алады. Сабақтар қаладағы комьюнити-орталықтарында өтеді.

Нұрлан СҮЙІН.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

МҰЗ АЙДЫНЫ

МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУДАН жазғы чемпионат аяқталды

Алматыда конькимен мәнерлеп сырғанаудан республикалық жазғы чемпионат өз мәресіне жетті. Елдің 11 өңірінен жиналған жас спортшылар маусым алдындағы дайындық деңгейін көрсетіп, халықаралық жарыстарға жолдама үшін өзара бақ сынасты.

Жарыстың бас төрешісі әрі Алматы қаласының аға жаттықтырушысы Айгүл Қуанышеваның айтуынша, чемпионатқа спорт шеберлігіне кандидаттар мен жасөспірімдер санатындағы 38 спортшы қатысты. Олардың қатарында ұлдар мен қыздар, сондай-ақ мұздағы би және спорттық жұптар бар.

– Бұл жарыстың басты мақсаты – жасөспірімдер арасындағы әлемдік Гран-при кезеңдеріне қатысатын спортшыларды іріктеу. Биыл Қазақстанға үш кезеңге қатысу мүмкіндігі берілді. Олар Таиланд, Грузия және Түркияда өтеді. Федерация жол жүру мен визалық талаптарды ескере отырып, спортшыларды осы кезеңдерге жібереді, – деді бас төреші.

Қыздар арасындағы бәсеке қорытындысы бойынша Павлодар облысының спортшысы Мария Саннико-

ва чемпион атанды. Күміс жүлде Алматы қаласының өкілі София Абаеваға, ал қола медаль Шығыс Қазақстан облысының спортшысы Мария Сосновскаяға бұйырды. Аталған үш спортшы жасөспірімдер арасындағы әлемдік Гран-при кезеңдерінде Қазақстан намысын қорғайды.

Айгүл Қуанышева кейінгі жылдары халықаралық бәсекенің айтарлықтай күшейгенін атап өтті.

– Қазір әлемдік деңгейде алғашқы ондықтың қатарына кірудің өзі өте қиын. Дегенмен, біздің спортшылардың әлеуеті жоғары. Кейде олар техникалық тұрғыдан жақсы өнер көрсеткенімен, бағдарламаның көркемдік компоненттері бойынша ұпай жоғалтып жатады. Соған қарамастан, уақыт өте келе халықаралық деңгейде лайықты бағасын алады деп сенемін. Өзім халықаралық дәрежедегі төреші ретінде алдағы Гран-при кезеңдерінде төрелік етуім мүмкін, – деді ол.

Маманның айтуынша, Қазақстанда мәнерлеп сырғанау қарқынды дамып келеді. Бұрынғыдай Алматы мен Астана ғана емес, өзге өңірлер де мықты спортшылар тәрбиелей бастаған.

– Алматы мен Астана әлі де көш бастап тұр. Бірақ өңірлердегі бәсекелестік жылдан-жылға күшейіп келеді. Сонымен қатар, Михаил Шайдоровтың халықаралық жетістіктері бұл спорт түріне деген қызығушылықты арттырды. Қазір көптеген ата-ана балаларын мәнерлеп сырғанауға әкеліп жатыр, – дейді жаттықтырушы. Ол сондай-ақ, Алматы қаласының Спорт басқармасы мен Спорт нысандары дирекциясына қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді. Биыл жарысқа мұз айдыны тегін ұсынылып, ұйымдастыру жұмыстарына жан-жақты көмек көрсетілген.

Айгүл Қуанышеваның сөзінше, алдағы уақытта Алматыда ересектер арасындағы Қазақстан чемпионаты өтеді. Халықаралық талап бойынша ересектер санатына 17 жас-тан бастап қатысуға болады. Сондықтан бүгінде көзге түсіп жүрген бірқатар талантты жасөспірім жас ерекшелігіне байланысты ересектер арасындағы халықаралық жарыстарға әлі қатыса алмайды. Алматыдағы жазғы чемпионат жаңа маусым алдындағы негізгі сынақтардың бірі болды. Бұл додада үздік нәтиже көрсеткен жас мәнерлеп сырғанаушылар енді әлемдік Гран-при кезеңдерінде ел намысын қорғап, халықаралық аренада өз шеберліктерін дәлелдеуге мүмкіндік алады.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы №06-01/05 «Алматы қаласы Медеу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

ШЕШІМ:

1. Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы №06-01/05 «Алматы қаласы Медеу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1602 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

- қосымшада:
 - осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес №378, №387 және №537 сайлау учаскелерінің орталықтары өзгертілсін.
 - «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
 - Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
 - Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **Е.ОРАЗАЛИН.**

Алматы қаласының учаскелік сайлау комиссияларының құрамы, орналасқан жері, шекаралары және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы»

Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Жарлығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутаттарын сайлауды әзірлеу мен өткізудің негізгі іс-шараларының күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Алматы қаласы Медеу ауданының учаскелік сайлау комиссияларының құрамы, орналасқан жері, шекаралары және жұмыс уақыты туралы хабарлаймыз:

Медеу ауданы

Алматы қаласы Медеу ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Алматы қаласы, Стәбәев көшесі, 8/7А.
«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, телефон: **338–52–91, 7-700–026–91–67.**

Төрағасы – Жантемирова Алма Кентаевна, **төрағасының орынбасары** – Нұрадипола Айтулы Олеговна, **хатшысы** – Мұсапирова Арайлым Болатжанқызы, **комиссия мүшелері** – Азимхан Дулат Батажанұлы, Айдарбекова Мария Галимовна, Османова Зейнеп Жалалиевна, Усеров Нишанали Нұралмиевич.

№357 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 43.
«Сымбат» дизайн және технология академиясы» ЖШС.
Шекаралары: Гоголь көшесі: 75, 75/1 үйлер; Қонаев көшесі: 43, 45, 49/68 үйлер; Мақтаев көшесі: 56/39 үй; Назарбаев даңғылы: 46, 48/69, 76 үйлер; Төлебаев көшесі: 35/68, 35, 37, 39, 49/1 үйлер.

Төрағасы – Зиновьева Алла Владимировна, **төрағасының орынбасары** – Нашарбекова Қымбат Тағатолана, **хатшысы** – Сайын Ботагез Бегімбайқызы, **комиссия мүшелері** – Акимбеков Кенесары Адилович, Ахметов Ренат Суобаевич, Джұлмабаев Нұрбол Бейбетович, Саулетұлы Аслан.

№358 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 102.
«Мәншүк Мәметова атындағы №28 мектеп–лицей» КММ.
Шекаралары: Әйтеке бө көшесі: 50/43, 53/88 үйлер; Бөгенбай батыр көшесі: 117/107 үй; Гоголь көшесі: 42/66 үй; Қазыбек бө көшесі: 40/85 үй; Қонаев көшесі: 83А, 83 үйлер; Назарбаев даңғылы: 80/50, 112, 116 үйлер; Төле бө көшесі: 45/91, 49/104, 50/54, 54 үйлер; Төлебаев көшесі: 53, 65, 67, 68, 69, 71, 80/50, 82, 94/53, 95/1, 98, 114А, 114 үйлер.

Төрағасы – Медетбекова Айсұлу Темірғалиевна, **төрағасының орынбасары** – Епекова Лаура Даулетовна, **хатшысы** – Ключичкина Эльмира Владиславовна, **комиссия мүшелері** – Абдуллаева Акерке Серикбековна, Аман Гүлжанат Оңғарқызы, Ибраева Лаззат Жәдгенбековна, Тортай Анулым Тортайқызы.

№359 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ришат және Мүсілім Абдуллиндер көшесі, 11.

«№19 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Ришат және Мүсілім Абдуллиндер көшесі: 7/30, 13, 16 үйлер; Айтмжанов көшесі: 32, 48 үйлер; Уәлиханов көшесі: 46, 48/37, 54 үйлер; Гоголь көшесі: 15, 47 үйлер; Достық даңғылы : 7, 10 үйлер; Жібек жолы даңғылы: 32, 37/9, 39/6, 54, 59, 60 үйлер; Зенков көшесі: 15, 5, 14, 15/41 үйлер; Ғафу Қайырбеков көшесі: 17, 21, 25 үйлер; Қонаев көшесі: 58/58, 62 үйлер; Мақтаев көшесі: 46, 52 үйлер; Пушкин көшесі: 40, 41 үйлер.

Төрағасы – Иманғалиева Айымгүл Дәурбековна, **төрағасының орынбасары** – Кораласова Гулстан Сулеймановна, **хатшысы** – Елеусизова Жания Муратбекқызы, **комиссия мүшелері** – Баймұрза Нұрпан Нұрахметұлы, Мартыненко Лариса Николаевна, Мусабекова Сана Төлеугалиевна, Шакирова Гүлнара Калкузовна.

№360 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ришат және Мүсілім Абдуллиндер көшесі, 11.

«№19 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Ришат және Мүсілім Абдуллиндер көшесі: 8 үй; Әлімжанов көшесі: 3, 11А, 13, 14, 15 үйлер; Бариев көшесі: 3, 5/11, 6, 7/14, 8, 12, 13, 14, 15, 17, 18 үйлер; Бузырбаев көшесі: 45, 48, 8/4, 10, 13, 14, 16, 17, 18А, 19, 21, 23 үйлер; Гоголь көшесі: 13 үй; Жібек жолы даңғылы: 6, 8, 10/11, 13/5, 15, 17/9, 19, 33 үйлер; Ғафу Қайырбеков көшесі: 4, 5, 6, 6/1, 7, 9, 10/18, 14/29, 16 үйлер; Мақтаев көшесі: 2, 4, 12, 16, 32/2 үйлер.

Төрағасы – Құрманбаева Орынбар Меккибаевна, **төрағасының орынбасары** – Нұсипалиева Майя Кыдырғалиевна, **хатшысы** – Құрманбаева Раушан Нұрмухановна, **комиссия мүшелері** – Копбаева Улпапа Азихановна, Насырова Бақытұл Рахманбекқызы, Сарабаев Болат Мұхамбетқаримович, Шарғынов Айдын Жекенұлы.

№361 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 63.
«Мемлекеттік қуыршақ театры» КМҚК.
Шекаралары: Ришат және Мүсілім Абдуллиндер көшесі: 28А, 28, 28/1, 30Б, 30, 34/38, 36/30, 38, 40, 43, 45 үйлер; Әйтеке бө көшесі: 2, 2/37, 4, 5, 6, 11, 12, 14, 15, 17, 18 үйлер; Бузырбаев көшесі: 45, 48, 8/4, 10, 13, 14, 16, 17, 18А, 19, 21, 23 үйлер; Гоголь көшесі: 13 үй; Жібек жолы даңғылы: 6, 8, 10/11, 13/5, 15, 17/9, 19, 33 үйлер; Ғафу Қайырбеков көшесі: 4, 5, 6, 6/1, 7, 9, 10/18, 14/29, 16 үйлер; Мақтаев көшесі: 2, 4, 12, 16, 32/2 үйлер.

Төрағасы – Мусуров Алмат Османалиевич, **төрағасының орынбасары** – Баймекеева Жанар Оңғарқызы, **хатшысы** – Оразкова Жанатүлп Кенбеевна, **комиссия мүшелері** – Ашимхан Улжан Ауесқанқызы, Жасылыкова Ақмарал Жанатовна, Жунусова Балнұр Даулетқызы, Төле Мадина Садырқызы.

№362 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 54.
«Республикалық жоғарғы медициналық колледж» ЖШС.
Шекаралары: Ришат және Мүсілім Абдуллиндер көшесі: 49, 57/15 үйлер; Бөгенбай батыр көшесі: 75/68, 79/45, 81/36, 85, 87, 94/29 үйлер; Достық даңғылы: 12/24, 14, 16/25, 30, 30/22, 36, 38, 40, 42А, 42, 42/68, 44, 46 үйлер; Зенков көшесі: 21, 25, 31, 32, 33, 34, 42/83, 47, 59 үйлер; Қабанбай батыр көшесі: 59 үй; Қалдаяқов көшесі: 41 үй; Төле бө көшесі: 8/61, 10/62, 12, 17, 20 үйлер; Шевченко көшесі: 6/75 үй.

Төрағасы – Куанышев Серик Базарбеквич, **төрағасының орынбасары** – Рүзденнова Найла Бексатуовна, **хатшысы** – Ізбасар Ергүлан Ізбасарұлы, **комиссия мүшелері** – Атабаева Халида Абдулпириевна, Издамасова Назира Касеновна, Нұрсалдықова Анжела Ертғарыновна, Юнусжолжаев Нұрмухамед Оширович.

№363 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қазыбек бө көшесі, 30/В.
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ.

Шекаралары: Бөгенбай батыр көшесі: 89, 101/79, 103, 105 үйлер;

29, 31, 35, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 50, 51, 52А, 53, 55А, 55, 56, 58, 59, 62 үй; Тәжбенов көшесі: 1/7, 2, 3, 4, 5, 7, 12, 15, 17, 20, 22, 24, 25, 26А, 26, 27, 28, 29 корпус 1, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37/28, 38А, 38, 40, 42/30 үй; Таллинская көшесі: 1, 2А, 2/32А, 3, 4 үй; Ульяновская көшесі: 1/29, 2/31, 3, 4, 5/28, 6/30, 7, 8, 9/64, 10, 12, 14, 15/41, 16, 17, 19/16, 20, 21/15, 22/34, 23, 25/16, 25, 27/15, 29, 31А, 31, 34, 38/16, 40, 42, 44 үй; Щеллинградская көшесі: 1, 3, 5, 7/14, 9/5, 10, 12, 14/32, 15А, 15/29, 17, 19 үй; Шүлүкжиде көшесі: 1А, 1, 2А, 26, 3, 4, 7А,8А, 8, 9, 10, 11А, 11, 12/7, 14 үй; Сабыр Шаріпов көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8/2, 9, 10/11, 11, 12, 13А, 13, 14, 15А, 15, 17, 18/25, 19, 20, 21/18, 22, 23/23, 25, 27 үй; Широкая көшесі: 10А, 10/9, 16, 20А, 20, 26, 28А, 28, 36, 37, 38, 39, 40 үй; Шоқай көшесі: 1А, 16, 1Ғ, 1, 2А, 2/45, 3А, 3, 4, 5, 6, 8, 9А, 9/5, 11, 12/2, 13А, 13/6, 14А, 14, 15А, 15, 17, 18, 20/4, 22/7, 23/13, 25, 26, 32, 33/11, 35, 36А/15А, 37, 31/16, 39А, 41А, 41, 43/37, 45А, 45, 49/36, 50/15, 51, 55, 56, 59, 60, 62/42, 64/39, 66, 68, 70/38, 72, 73, 74, 76, 79, 94, 96 үй; Шухов көшесі: 1, 26, 28, 2/1, 2Д, 2Е, 2К, 2П, 2М, 2/1, 2/2, 2/3, 2/43, 2/5, 3А, 3, 4, 5А, 56, 5, 8, 9А, 9, 10, 11А, 11Ғ, 11, 12, 13А, 13, 15 корпус 1, 15, 17А, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25А, 25, 26/2А, 27/46, 28/1, 29/41, 30, 32, 33, 33А, 33 корпус 1, 33, 34, 34/1, 35/27, 36А, 36, 37А, 37, 38А, 38, 39А, 39Б, 40, 41А, 41А, 42/2, 43/25, 44/1, 45А, 45, 46А, 46, 47/24 корпус 1, 47/24, 48, 49/19, 50/16, 51, 52, 53А, 53/20, 54, 55/23, 56, 57, 58, 59/60, 60, 61/55А, 61/5, 62, 63, 64/26, 65, 68, 70, 72/22, 74/25, 76, 78, 80, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 104/10, 106, 108, 110 үй.

Төрағасы – Айтбаев Сұлтан Бақытұлы, **төрағасының орынбасары** – Алишера Гүлнара Нұрқатолан, **хатшысы** – Мықтыбекова Арманжүл Жексенбековна, **комиссия мүшелері** – Амирханова Алия Тлегоновна, Бейсембай Назерке Сабитқызы, Кошалиева Дарига Мейрбековна, Кошкаева Раушан Абғатановна.

№367 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Глубокая көшесі, 18.
«№53 мектеп–гимназия» КММ.

Шекаралары: Айгөлек көшесі: 25 үйлер; Қасым Аманжолов көшесі: 1/72, 3, 4, 5, 6, 7 корпус 1, 7, 8, 9, 10, 11, 13 үй; Ахмедсарған көшесі: 51А, 51/12, 56/18, 58, 60 үй; Вернинская көшесі: 6, 7/2, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17Б, 19А, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28/58, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35/15, 36, 37/20, 38, 40, 49/55, 41, 43, 49А, 49, 51, 53 үй; Владивостокская көшесі: 35/1, 38, 40, 42 үй; Глубокая көшесі: 28, 29А, 30А, 30, 31А, 31, 32 корпус 1, 32, 33Б, 33, 34, 35А, 35 үй; Горюхов көшесі: 1/2, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 19/2, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 30, 31, 32, 34, 36А, 38, 40, 42, 44, 46, 50 үй; Школа-интернат 2 саяжай кооперативі: 28 үйлер; Истомин көшесі: 1/5, 3, 5, 7/14, 9/15, 11, 13, 15, 17/21, 19, 21, 23, 25, 27/52, 29/33, 31, 33, 35, 37, 39/28, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 57, 59, 63, 65, 67/12, 69/15, 71, 73, 75, 77, 79А, 79, 83, 85, 87А, 89А, 89, 91, 93, 95, 110, 112, 114, 116, 118А, 118, 120, 122, 124, 126 үй; Крайняя көшесі: 1/17, 3, 4, 5, 6, 7/10, 8, 9/11, 10, 11, 12/12, 13/16, 14, 16, 17, 18А, 18/18, 19А, 19 корпус 1, 19, 21, 22, 23, 24А, 24, 25, 26, 27, 28А, 28Б, 28, 29, 30, 31, 32А, 32, 36Б, 36Б, 36Ғ, 36Е, 36, 38, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52 үй; Кривая көшесі: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9/62, 10/64, 11/49А, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25/74, 26 үй; Құмай көшесі: 18/46, 23/85, 27, 30 үй; Морозов көшесі: 1, 2А, 2, 3А, 3, 4, 5, 7, 9, 11, 12, 13/19, 14, 15, 20/17, 19, 21 үй; Пензенская көшесі: 11, 13, 15, 19, 21, 23А, 23Б, 23, 25, 27, 29/21 үй; Таулы қырат тұтыну кооперативі: 10, 11, 11/1, 15, 16, 1/1, 16, 32, 16, 3/4, 16/4, 17А, 17Б, 18/2, 22/2, 22/3, 22/4, 1190, 2028, 2039, 2246А, 259А, 2650, 268А/2, 281А, 2822Б, 284А, 2888, 2889, 4126, 4123/1 үй; Птигорская көшесі: 37, 39, 40 үй; Рудзутак көшесі: 1, 3 үй; Биолог бағдардық серіктестігі: 5, 17, 22, 30, 36 үй; Ботаник бағдардық серіктестігі: 1 үй; Восход бағдардық серіктестігі: 47 үй; Горвопровод бағдардық серіктестігі: 1, 2, 4, 10, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 25, 26, 30, 31, 32, 33, 38, 42, 43, 44, 46, 51, 52, 53, 55, 59, 60, 61, 64, 65, 66 үй; Доложнин бағдардық серіктестігі: 7, 16, 24, 31, 33, 41, 42, 43, 63 үй; Жезлонодоржник бағдардық серіктестігі: 1, 5, 6, 10, 11, 13, 16А, 18, 19А, 20, 22, 26, 44, 49, 56 үй; Заря бағдардық серіктестігі: 2, 5, 20, 24, 26, 27, 28, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38 үй; Зеленостр бағдардық серіктестігі: 5, 7, 12, 13, 14, 15, 18, 19, 20, 25, 26, 27, 29, 31, 31/1, 33, 35, 36, 37, 39, 40, 40/1, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 53, 57, 58, 59, 64, 68, 70, 71, 73, 77 үй; Луч бағдардық серіктестігі: 1А, 4, 10, 11, 14, 15, 16, 25, 26, 43, 84, 95, 97, 107, 110, 111, 117, 131, 136 үй; Кеңсай массиві Мицунринск бағдардық серіктестігі: 17 үй; Мицунрина бағдардық серіктестігі: 46, 58, 94Д үй; Мицунринск бағдардық серіктестігі: 52, 54, 81, 108, 110, 139, 150, 153, 154, 155, 162, 169 үй; Мицунринск-север бағдардық серіктестігі: 91, 112А, 112, 119, 120, 122, 123, 127, 129, 151А, 154, 156, 162, 175, 177, 18Б, 18Б үй; Мицунринск-юг бағдардық серіктестігі: 10, 14, 18, 25, 44, 45, 61, 70, 71, 78, 82, 83, 88, 90, 102 үй; Нива бағдардық серіктестігі: 10, 15, 17, 21, 51 үй; Облпрокуратура бағдардық серіктестігі: 1 үй; Подснежник бағдардық серіктестігі: 3А, 5, 6, 8, 10, 12, 19, 21, 27, 30, 35, 36, 37, 40, 43, 44, 47, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 70, 71, 75, 76, 78 үй; Кеңсай массиві Полиграфист бағдардық серіктестігі: 5А, 25, 48 үй; Полиграфист бағдардық серіктестігі: 1, 39, 42 үй; Прокуратура бағдардық серіктестігі: 2, 7 үй; Стomatолог бағдардық серіктестігі: 4, 13 үй; Строительный техникум бағдардық серіктестігі: 1, 4, 6, 8, 9, 11, 13, 18, 20, 21, 24, 26, 31, 36, 37 үй; Тауғұл бағдардық серіктестігі: 4, 6, 7, 9, 12, 13, 15А, 15, 18, 19, 21, 25, 29, 30, 38, 42, 47, 49, 55, 57, 58 үй; Эдельвейс бағдардық серіктестігі: 9, 16, 21, 33, 34 үй; Сарсенбаев көшесі: 3, 4, 5А, 56, 7, 8А, 8, 9, 10, 11, 12, 13А, 13, 14, 15, 16А, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23А, 23Б, 23Б, 23, 23/1, 23/2, 24, 25, 26А, 26, 27, 28А, 28, 30, 34А, 34А, 36А, 36, 36/5 үй; Саттаров көшесі: 1, 2, 3А, 3, 4, 6/8, 7/5, 9/1, 10, 11, 12, 13, 14, 15А, 15, 16, 17/6, 18/8, 19/13 корпус 1, 2, 23, 24, 25/27, 26, 27, 28, 29, 40/48, 41, 32/29, 33, 34, 35/20, 36, 37/21, 38, 39, 40, 41, 42/22, 43, 45/26, 46, 47, 48, 49А, 49, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58А, 58/28, 59, 62/47, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 70/2 үй; Средняя көшесі: 61/40, 63, 65, 67, 69 үй; Украинская көшесі: 4, 6, 8/38А, 10, 10/33, 12, 14, 16, 20/49, 42, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 44, 53 үй; Оразбаева көшесі: 1, 2, 4, 6, 5/А, 6/А, 7, 9, 10, 11, 12, 13 үй; Чекалин көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10А, 14, 15, 15/14, 16, 17, 18, 19, 23/44 корпус 1, 23/44, 25, 27, 29, 31, 33, 35/41 үй; Широкая көшесі: 31 үй; Шоқай көшесі: 87, 89, 91, 119А, 119Б, 119Д, 119Ғ, 119І, 119М, 119М, 119Н, 119П, 119Н, 119С, 119Д, 119У, 119Ш, 119Ю, 119, 119/1, 119/10, 119/12, 119/20, 119/26, 119/35, 119/36А, 119/36, 119/4, 119/5, 119/6, 119/7, 119/8, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128А, 128, 129А, 129, 130, 131, 132, 133А, 133, 134, 135, 136, 137А, 137, 138, 139, 141, 143, 145, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162А, 162, 163, 165А, 165, 167, 169, 170, 170/1, 172, 173, 174, 175, 177, 179, 183, 185, 187, 189, 191, 193, 203, 205А, 205, 207, 209А, 209, 211А, 211Б, 213А, 213, 215, 217, 219, 223, 225А, 225Б, 227, 229 корпус 1, 229, 231, 233, 235, 237, 239, 241А, 241, 243А, 243, 245, 247, 249А, 251, 253, 255, 257, 259А, 259, 261А, 261, 263А, 263,

Назарбаев даңғылы: 1185, 118/128, 120, 124, 126/81 үйлер; Пушкин көшесі: 60, 62/32, 64/30, 74, 83 үйлер; Төлебаев көшесі: 117, 119, 125, 128, 130/49, 131А, 131, 133, 138/50, 142 үйлер.

Төрағасы – Бидайбекова Әлимира Исебаевна, **төрағасының орынбасары** – Есімова Дана Умирбековна, **хатшысы** – Махамбетова Газиза Ерсалатовна, **комиссия мүшелері** – Аміреев Рауан Есенгелдиевич, Ахмедиева Айжан Мырзагалиевна, Естемесова Айнура Түргүмбековна, Усина Динара Нұрхымжанбетовна.

№373 сайлау уәкесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 86.
ШЖҚ «Бйбары Алтынсарин атындағы №159 гимназия» МКК.
Шекаралары: Абай даңғылы: 15, 17/130, 21, 23, 27, 31/187 үйлер; Уәлиханов көшесі: 124, 128, 137А, 137 үйлер; Достық даңғылы: 69, 71, 85 үйлер; Қонаев көшесі: 158, 162, 163/32, 164 үйлер; Құрманғазы көшесі: 20, 31, 31/171, 32, 33 үйлер; Назарбаев даңғылы: 152, 172 үйлер; Пушкин көшесі: 102, 116/15, 129 үйлер; Төлебаев көшесі: 171, 174, 175, 194 үйлер; Шевченко көшесі: 18, 28, 44А, 44/163 үйлер.

Төрағасы – Уткеева Айнур Омаровна, **төрағасының орынбасары** – Монтаява Айгерим Түрбековна, **хатшысы** – Балпағұл Іңкар Бағланқызы, **комиссия мүшелері** – Мұсапирова Гулмира Адиляхановна, Мұхаметалиева Нұргүл Нұрлановна, Секибаева Лаура Сейсенкуловна, Әскерханова Тәңішолпан Ибадуллақызы.

№374 сайлау уәкесі
Орталығы: Алматы қаласы, Төле би, 10/62.
«№33 мектеп-лицей» КММ.
Шекаралары: Бөгенбай батыр көшесі: 86/47, 88 үй; Достық даңғылы: 48А, 48, 50, 52/2, 58 үй; Зенков көшесі: 54, 70, 77/14, 78, 86, 94/4 үй; Қабанбай батыр көшесі: 45, 56 үй; Қалдақов көшесі: 49, 51, 59, 89, 93/2, 95, 103, 129 үйлер; Қарасай батыр көшесі: 5, 14, 18 үй; Құрманғазы көшесі: 1/96 үй; Шевченко көшесі: 5/92, 14/77 үй.

Төрағасы – Алиев Нұрлан Меркенovich, **төрағасының орынбасары** – Рустемова Жанар Нұмгуровна, **хатшысы** – Егинбаева Әмина Бақытжанқызы, **комиссия мүшелері** – Досенова Жанара Амангелдиновна, Лесова Гулнара Керимбаевна, Сембай Данагүл Оралқызы, Уразбекова Ырысай Амантаевна.

№375 сайлау уәкесі
Орталығы: Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 42.
«№29 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Абқозат көшесі:1А, 3/1, 4А, 45, 48, 4, 6, 7, 8А, 88, 8, 10, 11, 16, 24, 26/23 үй; Сарсен Аманжолов көшесі: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14/15/28, 16, 17/15, 18, 19, 20/30, 21А, 21, 22/19, 235, 238, 23, 24, 25, 28, 30, 32 үй; Бегалин көшесі: 19, 21, 23, 23/1, 25А, 25, 29, 33, 35, 37/34, 39/23, 41, 34А, 43, 44, 45, 46А, 46, 48, 50, 52А, 52, 54, 56А, 56, 58, 60, 62, 64, 66А, 66, 70, 74 үй; Бөгенбай батыр көшесі: 2А, 2, 4, 6, 8, 10А, 10, 12А, 12, 12/1, 16, 18А, 185, 22/1 корпус 1, 22/1, 24, 26корпус 1, 26, 28А, 28, 30, 32/1, 3А, 365, 36, 38, 40, 42А, 42, 50, 52, 54А, 56/17, 58/2, 60/1, 64/1, 66, 68А, 685, 68, 70, 72 үй; Бутакосая көшесі: 19А, 20А, 20, 22, 27, 29, 33А, 335, 338, 33, 37, 39, 41, 43 үй; Водная көшесі: 2/20, 3, 4А, 4, 5, 6, 7, 8А, 8, 10, 11, 12А, 12Б корпус 1, 12Б, 12, 13, 13 корпус 1, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25/23, 26, 27, 29, 31 үй; Жуковский түйік көшесі: 3 үй; Жуковский көшесі: 2/5, 3 корпус 1, 3, 4, 5А, 5, 7, 9, 10, 13Б, 13, 14А, 14, 17/13 үй; Зверев көшесі: 2А, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 12/24, 13, 14, 15/20, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 30, 32, 32/2, 34А, 34, 3 үй; Қабанбай батыр көшесі: 1/33, 1, 3, 5/37, 7, 9, 11/16, 15, 17/76, 19/49, 19/49 корпус 1, 21А, 21, 25, 27/47, 49, 31, 33А, 35, 37А, 37, 39, 41/27, 43, 45 корпус 1, 45, 47А, 47Б, 47Д, 47Е, 47, 49, 49/1, 51/78, 51/1 үй; Қазақстан көшесі: 3, 4, 5, 8, 10, 12, 14, 16 үй; Қалдақов көшесі: 76 үй; Қармысов көшесі: 26, 28, 30, 32/6, 32/2, 36, 38, 40/2, 42, 44, 46 үй; Қастеев көшесі: 14/40, 15, 16А, 16, 17, 18А, 18, 19, 20, 22, 22/1, 23А/12, 23, 25А, 25/9, 27, 29, 30, 31, 32/14, 33, 34 корпус 1, 3А, 35А, 36, 38А/19, 38, 40, 42, 44А, 44 үй; Киров түйікесі: 2, 4А, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 21, 23, 25, 27, 29, 31 үй; Кошовой көшесі: 2, 3, 4А, 5/1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12А, 12/22, 12, 14/15, 15/18, 16, 17/13, 18,20, 21 үй; Шевцова көшесі: 4, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 16, 18, 26, 32 8 үй.

Төрағасы – Аблашова Алия Бердияровна, **төрағасының орынбасары** – Кобентаева Гулбаршын Бақтыбековна, **хатшысы** – Богачева Нина Валерьевна, **комиссия мүшелері** – Лубинская Неля Владимировна, Кашкинова Бахыт Масеновна, Кутлаева Әлимира Ариповна, Молдашьева Акбота Құрманжановна.

№376 сайлау уәкесі
